

Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 269 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3822. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 115 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу тәртібін және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары жөніндегі есептерді қарауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылып отырған Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары жөніндегі ережесі осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30 N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы қолданысқа енген күннен бастап осы қаулының 2 қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілер өзінің күшін жойды деп танылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

4. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, қауымдастық нысанындағы "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне, қауымдастық нысанындағы " Қазақстан тізілім ұстаушылар қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне ж і б е р с і н .

5. Агенттіктің Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулының Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі

Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 5 жылғы 30 шілдедегі

№ 269 қаулысының

1-қосымшасы

Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары туралы есепті қарау ережесі

Ескерту. Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30 N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары жөніндегі ереже (бұдан әрі – Ереже) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Заң), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003

жылғы 4 шілдедегі, «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» 2006 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және мемлекеттік емес облигациялардың (бұдан әрі – облигациялар) шығарылымын мемлекеттік тіркеудің, облигацияларды орналастыру және өтеу, сондай-ақ облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары туралы есептерді қараудың және бекітудің талаптары мен тәртібін айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Облигациялардың шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) және облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Эмитент облигациялардың (облигациялық бағдарламаның) шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) Заңның 12-бабының 1-тармағында белгіленген құжаттарды ұ с ы н а д ы .

Эмитент агенттік облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін Заңның 12-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа оның Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексіне сәйкес қаржы агенті ретінде экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға өкілеттілігін растайтын құжаттың к ө ш і р м е с і н ұ с ы н а д ы .

Жай акцияларға айырбасталатын облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде айырбасталатын бағалы қағаздардың түрі, саны, облигациялар айырбасталатын акцияларды орналастыру бағасы, сондай-ақ айырбастау нәтижесінде сатып алынған облигацияның қайта орналастыруға жатпайтыны туралы ақпарат к ө р с е т і л е д і .

Облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісі осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдауышта және электронды тасымалдауышта Acrobat Reader форматында мемлекеттік тілде және орыс тілінде екі данада жасалады (қоғамның қаржылық есебін қоспағанда). Екі дананың әр қайсысында мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі акциялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісі қамтылады.

Мыналар облигациялар шығарылымы немесе облигациялық бағдарлама проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылады:

эмитенттің соңғы екі қаржы жылындағы, аудиторлық есептермен расталған жылдық қаржылық есептілігінің көшірмелері, сондай-ақ эмитенттің аудиторлық есептерінің және есеп саясатының көшірмелері. Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда аудиторлық есеппен расталған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің көшірмесі ұсынылады. Еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда аудиторлық есеппен расталған жеке қаржылық есептіліктің көшірмесі ұсынылады. Осы абзацтың талаптары жаңадан құрылған эмитенттердің облигациялар шығарылымының немесе облигациялық бағдарламасының проспектісіне қолданылмайды;

облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша эмитенттің қаржылық есептілігінің көшірмелері. Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептіліктің көшірмесі ұсынылады. Еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда жеке қаржылық есептіліктің көшірмесі ұсынылады. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар құжаттарды ұсыну алдындағы тоқсаннан кейінгі айдың 25-ші күніне дейін ұсынылған жағдайда соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша эмитенттің қаржылық есептілігінің көшірмесі (еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда жеке қаржылық есептіліктің көшірмесі) ұсынылады;

облигацияларды ұстаушылардың өкілдерімен жасалған шарттардың көшірмелері (облигациялық бағдарламаның проспектісін қоспағанда);

егер осындай ұйымдармен шарт жасау Заңның талаптарында көзделсе, эмиссиялық бағалы қағаздарды ұйымдастырылмаған нарықта облигацияларды орналастыруды жоспарлайтын эмитенттер үшін қор биржасының ресми тізіміне енгізу және орналасқан жері мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері (облигациялық бағдарламаның проспектісін қоспағанда);

эмитенттің кірісін оның қатысушылары арасында жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұйымдастыру құқықтық нысанда құрылған эмитенттер үшін бөлуге тәртیبі.

Мыналар облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымы проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылады:

облигацияларды ұстаушылардың өкілдерімен жасалған шарттардың көшірмелері;

егер осындай ұйымдармен шарт жасау Заңның талаптарында көзделсе, эмиссиялық бағалы қағаздарды ұйымдастырылмаған нарықта облигацияларды

орналастыруды жоспарлайтын эмитенттер үшін қор биржасының ресми тізіміне енгізу және орналасқан жері мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері;

облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша эмитенттің қаржылық есептілігінің көшірмелері. Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептіліктің көшірмесі ұсынылады. Еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда жеке қаржылық есептіліктің көшірмесі ұсынылады. Облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар құжаттарды ұсыну алдындағы тоқсаннан кейінгі айдың 25-ші күніне дейін ұсынылған жағдайда соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша эмитенттің қаржылық есептілігінің (еншілес ұйымы (ұйымдары)) болмаған жағдайда жеке қаржылық есептіліктің) көшірмесі ұсынылады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа концессиялық шарттың және кепілдік шарттың көшірмелері инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымы проспектісінің ажырамас бөліктері болып табылады.

Оригинатордың соңғы жыл үшін аудиторлық есебі, оригинатор мен арнайы қаржы компаниясы арасында жасалған осы секьюритизация мәмілесі бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру шарты арнайы қаржы компаниясының облигациялар шығарылымы проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Облигациялар шығарылымы немесе облигациялық бағдарлама проспектісіндегі мәліметтер акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылатын облигациялар шығарылымы немесе облигациялық бағдарлама проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылатын қаржылық есептілікке сәйкес көрсетілетін, қоғамның қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты (осы Ереженің 1 және 2-қосымшаларының 5-тарауында көрсетілетін) қоспағанда, құжаттарды уәкілетті органға тапсыру күнінің алдындағы айдың соңғы күніне келтіріледі.

Ағымдағы жылғы 1 қаңтар – 1 маусым аралығындағы кезеңде аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептіліктің аудиторлық есебі болмаған жағдайда қоғам уәкілетті органға соңғы аяқталған жылдың алдындағы екі жыл үшін аудит жасалған қаржылық есептілігін ұсынады (қоғам аяқталған қаржы жылы үшін аудит жасалған қаржылық есептілігін акционерлердің жалпы жиналысы аудит жасалған қаржылық есептілікті бекіткен күннен бастап бір ай ішінде ұсынады).

Осы тармақтың талаптары екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының бір пайызын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі иеленген ұйымның (бұдан әрі – екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға маманданған ұйым) облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымына

қ о л д а н ы л м а й д ы .

Егер эмитенттің негізінде облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымы жүзеге асырылатын шешімі эмитент органының отырысынан үзінді-көшірме нысанында ұсынылған болса, осы үзінді-көшірмеде мынадай мәліметтер к ө р с е т і л е д і :

эмитенттің атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
отырысты өткізу күні, уақыты және орны (қатысу тәртібімен өткен отырыс б о л ғ а н ж а ғ д а й д а) ;

отырысқа қатысқан (сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылдаған) т ұ л ғ а л а р т у р а л ы мәліметтер;

отырыс күн тәртібінің шешімдері облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымына әкеп соққан мәселелері;

отырыс күн тәртібінің дауыс беруге қойылған, негізінде облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымы жүзеге асырылатын әрбір мәселесі б о й ы н ш а дауыс беру нәтижелері;

мәселе бойынша қабылданған, негізінде облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымы жүзеге асырылатын шешім.

Эмитенттің жоғары органының шешімінен үзінді-көшірме жиналыс хатшысының (корпоративтік хатшының) қолымен және эмитент мөрінің бедерімен куәландырылады. Эмитенттің басқару органы отырысының шешімінен үзінді-көшірме басқару органы хатшысының (корпоративтік хатшының) қолымен және эмитент мөрінің бедерімен куәландырылады. Эмитенттің атқарушы органының шешімінен үзінді-көшірме эмитенттің бірінші басшысының (не оның орнындағы адамның) қолымен және эмитент мөрінің бедерімен к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-1. Облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған эмитент (екінші деңгейдегі банктерді (бұдан әрі – банк), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) левереджінің шамасы 2-ден аспайды (облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылатын соңғы қаржылық есептіліктің деректеріне сәйкес).

Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «АА»-дан төмен емес рейтингілік бағасы немесе Moody's Investors Service, Fitch агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымының облигацияларын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуге арналған левереджінің шамасы халықаралық қаржы ұйымдарының ішкі

кұжаттарында белгіленген шамадан аспайды.

Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның облигацияларын (облигациялық бағдарламасын) мемлекеттік тіркеуге арналған левередж шамасы 5-тен аспайды (облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылатын соңғы қаржылық есептілік деректеріне сәйкес).

«Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының облигацияларын (облигациялық бағдарламасын) мемлекеттік тіркеуге арналған левередждің өлшемі 7-ден аспайды (облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылатын соңғы қаржылық есептіліктің деректеріне сәйкес).

Ескерту. 1-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.04.2014 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 191 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1-2. Агенттік облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі эмитенттің мынадай талаптарды сақтаған жағдайында жүзеге асырылады:

1) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға ұсыну күнінде айналыстағы бағалы қағаздарды (акцияларды қоспағанда) шығару талаптарын (оның ішінде сыйақы төлеу немесе бағалы қағаздарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді) уақтылы орындамау немесе орындамау жағдайларының болмауы;

2) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға ұсыну күнінде айналыстағы бағалы қағаздардың (акцияларды қоспағанда) делистингі жағдайларының болмауы;

3) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға ұсынудың алдындағы соңғы тоқсанның қорытындылары бойынша левереджінің мөлшері 2-ден аспайды.

Осы тармақтың 3) тармақшасының талабы «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамына қолданылмайды.

Ескерту. 1-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 191 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1-3. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1-4. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1-5. Егер эмитент қайта ұйымдастыру арқылы қайта құрылу жағдайда облигациялар (облигация бағдарламасы) шығарылымының проспектісі құқықтық мирасқоры эмитент болып табылатын заңды тұлғалардың қаржылық есептілігі қоса берілген, қайта құрылу нәтижесінде қайта туындаған заңды тұлғалардың тіркеу күніне дейін екі жылға дейінгі кезеңнің мәліметтерінен тұрады.

Ескерту. 1-5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Уәкілетті орган осы Ереженің талаптарына сәйкес тіркеген облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін э м и т е н т :

1) еркін нысанда жазылған өтінішті;
2) облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған проспектісін қағаз тасымалдағышта екі данада және Acrobat Reader форматында электрондық тасымалдағышта (қоғамның қаржылық есептілігінсіз) қазақ және орыс тілдерінде бір данада ұсынады. Бұл ретте екі дананың әрқайсысында қазақ және орыс тілдеріндегі облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымының проспектісі қ а м т ы л а д ы ;

3) эмитент органының облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу, облигацияларды орналастыру нәтижесінде эмитент алған қаражатты пайдалану тәртібі, облигациялардың шығарылу көлемі, саны мен түрі, облигациялардың нақтылы құны, облигациялар ұстаушылардың құқықтары туралы мәліметтер қамтылатын облигациялар шығару туралы шешімінің к ө ш і р м е с і н ұ с ы н а д ы .

Егер облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымы жүзеге асырылатын эмитент шешімі эмитенттің органы отырысының хаттамасынан үзінді көшірме нысанында ұсынылса, осы үзінді көшірмеде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

эмитенттің атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
отырысты өткізу күні, уақыты және орны (ішкі отырыс болған жағдайда);
отырысқа қатысқан (сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылдаған) т ұ л ғ а л а р т у р а л ы мәліметтер;
о т ы р ы с к в о р у м ы ;
отырыстың күн тәртібінің облигациялардың шығарылымына, орналастырылуына, айналысына, өтелуіне қатысты мәселелері;

дауысқа салуға шығарылған отырыс күн тәртібінің облигациялардың шығарылымына, орналастырылуына, айналысына, өтелуіне қатысты әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижелері; облигациялардың шығарылымына, орналастырылуына, айналысына, өтелуіне қатысты әрбір мәселесі бойынша қабылданған шешім.

Эмитенттің жоғары органының шешімінен үзінді-көшірме жиналыс хатшысының қолымен және эмитент мөрінің бедерімен куәландырылады. Эмитенттің басқару органы отырысының шешімінен үзінді-көшірме басқару органы хатшысының (корпоративтік хатшының) қолымен және эмитент мөрінің бедерімен куәландырылады. Эмитенттің атқарушы органының шешімінен үзінді-көшірме эмитенттің бірінші басшысының (не оның орнындағы адамның) қолымен және эмитент мөрінің бедерімен куәландырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2013 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2-1. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2-2. Осы Ереженің мақсаты үшін "Standard & Poor's" агенттігінің рейтингтік бағаларынан өзге, сондай-ақ уәкілетті органмен "Moody's Investors Service" және "Fitch" агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының рейтингтік бағалары танылады (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер).

Ескерту. 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.08.22. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2-3. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-4. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін эмитент Заңның 12-бабының 1-тармағында белгіленген құжаттарды ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісі осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдауышта және электронды тасымалдауышта Acrobat Reader форматында (мемлекеттік тілде және орыс тілінде) екі данада жасалады (

қоғамның қаржылық есебін қоспағанда). Екі дананың әр қайсысында мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі акциялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісі қамтылады. Бұл ретте Ереженің 1-қосымшасының 9, 11, 25, 27, 30, 31, 32, 33, 42 және 44-тармақтарында көрсетілген ақпарат екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның облигацияларын (облигациялық бағдарламасын) шығару кезінде т о л т ы р ы л м а й д ы .

Ескерту. 2-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.05.25 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес ең төменгі кредиттік рейтингі не басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті облигациялар шығарылымын (шетел валютасында номинирленген облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді қоспағанда) мемлекеттік тіркеу мынадай талаптар орындалған жағдайда жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі уәкілетті органның және шет мемлекеттің бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі тиісті уәкілетті органының (бұдан әрі – резидент еместің уәкілетті органы) арасында ақпаратпен алмасу туралы келісімнің болуы;

2) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің борыштық бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімінің «өзге борыштық бағалы қағаздар» санатының «борыштық бағалы қағаздар» секторына енгізуге және олардың сонда болуына қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының резидент емес э м и т е н т і н і ң о р ы н д а у ы ;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға резидент емес уәкілетті органның рұқсатының болуы не Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті елінің заңнамасы бойынша осындай рұқсат талап етілмейтіні туралы резидент емес уәкілетті органның хаты (Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті қаржы ұйымы болып т а б ы л ғ а н ж а ғ д а й д а) ;

4) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті облигацияларды мемлекеттік тіркеуге өтініш беру күніне дейінгі үш ай ішіндегі кезеңде пруденциалдық нормативтерді және уәкілетті орган белгілеген өзге нормалар мен лимиттерді сақтау туралы Қазақстан Республикасының резидент емес уәкілетті органының хаты (Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті қаржы ұйымы болып табылған жағдайда).

Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін осы тармақта көзделген Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті мыналарды ұсынады :

- 1) еркін нысанда жазылған өтінішті;
- 2) эмитент органының облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу, облигацияларды орналастыру нәтижесінде эмитент алған қаражатты пайдалану тәртібі, облигациялардың шығарылу көлемі, саны мен түрі, облигациялардың нақтылы құны, облигациялар ұстаушылардың құқықтары туралы мәліметтер бар облигациялар шығару туралы шешімінің көшірмесін;
- 3) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдауышта (мемлекеттік және орыс тілдерінде) екі данада және Acrobat Reader форматында электронды тасымалдауышта (проспекттің электрондық нұсқасы эмитенттің қаржылық есебін қоспай, мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады) жасалған облигациялар шығарылымының проспектісін. Бұл ретте екі дананың әр қайсысында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі облигациялар шығарылымы проспектісі бар;
- 4) мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылған нотариатта куәландырылған жарғының көшірмесін және оның тұрған жеріндегі мемлекеттің заңнамасына сәйкес заңды тұлға ретіндегі эмитенттің тіркелгенін растайтын құжаттың мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылған нотариатта куәландырылған көшірмесін ;
- 5) қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда, эмитенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етудің болуын растайтын құжаттар;
- 6) облигацияларды ұстаушылар өкілімен шарттың көшірмесін;
- 7) эмитенттің облигациялар шығарылымының проспектісінде осы облигациялардың қор биржасының сауда жүйесінде айналыста болуы көзделсе, қор биржасының эмитенттің және ол шығаратын облигациялардың қор биржасы тізімінің «өзге борыштық бағалы қағаздар» санатының «борыштық бағалы қағаздар» секторына енгізуге және олардың сонда болуына қойылатын талаптарға сәйкес келетіні туралы қорытындысын, сондай-ақ биржасының листинг комиссиясының эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді енгізу жөніндегі ұсынымдарын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3-1. Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің немесе осы

Қағидалардың 7-қосымшасында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының шетел валютасында номинирленген облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес, сондай-ақ эмитенттің мынадай талаптарды сақтаған жағдайда жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің немесе осы Қағидалардың 7-қосымшасында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-дан төмен емес ең төменгі кредиттік рейтингінің не басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингінің болуы;

2) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің немесе осы Қағидалардың 7-қосымшасында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар шығарылымының проспектісінде осы облигациялар бойынша сыйақыны және негізгі борышты төлеу шығарылым валютасында жүзеге асырылатыны жөнінде міндетті талабы болуы тиіс.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін осы Ереженің 7-қосымшасында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдары мыналарды береді:

1) еркін нысанда жазылған өтінішті;

2) эмитенттің облигацияларды, шығарылым көлемін, облигациялардың санын және түрін, облигациялардың номиналды құнын, облигациялар ұстаушылар құқықтарын орналастыру нәтижесінде қаражатты пайдаланып алған облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртібі туралы мәліметтері бар, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармалары нотариатта куәландырылған облигациялар шығарылымдары туралы эмитент органы шешімінің көшірмесін;

3) тиісті қаржы ұйымының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған, қағаз тасымалдағышта мемлекеттік тілде және орыс тілінде екі данада және Acrobat Reader форматында электронды тасымалдағышта (эмитенттің қаржылық есептілігін қоспағанда) бір данада облигациялар шығарылымының (облигация шығарылымының талаптары) проспектісін не облигациялар шығарылымының талаптары.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 18.04.2014 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4-1. Облигацияларды қоғамның жай акцияларына айырбастауды жүзеге асыратын тұлғалар «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 17-бабының 5-тармағында, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 4-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келеді.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2013 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5. Эмитент облигациялық бағдарлама Қазақстан Республикасының Заңдарының және/немесе осы Ереженің талаптары шегіндегі облигациялар шығарылымын және/немесе облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін эмитент ұсынған құжаттар сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган:

1) облигациялар шығарылымын, облигациялық бағдарламаны немесе облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымын тіркейді және эмитентке осы Ереженің 3-1-қосымшасына сай облигациялар шығарылымын, осы Ереженің 3-2-қосымшасына сай облигациялық бағдарламаны немесе осы Ереженің 3-3-қосымшасына сай облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік береді;

2) эмитентке облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) немесе облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісінің уәкілетті орган оны мемлекеттік тіркегендігі туралы белгісі қойылған бір данасын қайтарады.

Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының проспектісі облигациялық бағдарлама проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ескерту: 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 99 қаулысымен.

1-1. Облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Ескерту. 1-1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. 1-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 99 қаулысымен.

5-1. Эмитент облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама) өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында уәкілетті органға м ы н а л а р д ы ұ с ы н а д ы :

1) еркін нысанда жазылған өтініш. Заңның 9-бабының 1-тармағының 4-2), 8), 9) тармақшаларында көзделген облигациялар шығарылымы талаптарына өзгерістер енгізген жағдайда өтініште м ы н а д а й а қ п а р а т к ө р с е т і л е д і :

бұқаралық ақпарат құралдарының атауын көрсете отырып, облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысы өткені туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты жариялаған күні туралы;

облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысы өткені туралы (облигациялар ұстаушылардың саны елуден аспаған жағдайда) жазбаша хабарламаны жіберген к ү н і т у р а л ы ;

бұқаралық ақпарат құралдарының атауын көрсете отырып, облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімін жариялаған күні туралы;

2) мемлекеттік тілде және орыс тілінде қағаз тасымалдауышта екі данада жасалған, бірінші басшы, бас бухгалтер қол қойған және эмитент мөрінің бедерімен расталған облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар. Бұл ретте екі дананың әрқайсысында мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісіне жасалған өзгерістер мен толықтырулар қамтылған.

Облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісіне енгізілген, осы Ереженің 1-қосымшасының 46-тармағында, осы Ереженің 2-қосымшасының 23-тармағында, осы Ереженің 3-қосымшасының 3-тармағында көрсетілген облигациялар туралы мәліметтерге қатысты өзгерістер мен толықтырулар қолдану мерзімі көрсетіле отырып оларды қолдану тәртібін қ а м т и д ы ;

3) қаржылық есеп берусіз Acrobat Reader форматындағы электронды тасымалдауышта енгізілген өзгерістер мен толықтырулары бар (мемлекеттік және орыс тілдеріндегі) облигациялар шығарылымы проспектісі (облигациялық б а ғ д а р л а м а) ;

4) облигациялар шығарылымы (облигациялық бағдарламаның) проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген эмитент органы шешімінің к ө ш і р м е с і .

Егер облигациялар шығарылымының проспектісіне (облигациялық

бағдарлама) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген эмитент шешімі эмитенттің органы отырысының хаттамасынан үзінді көшірме нысанында ұсынылған болса, осы үзінді көшірмеде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

эмитенттің атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
отырысты өткізу күні, уақыты және орны (ішкі отырыс болған жағдайда);
отырысқа қатысқан (сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылдаған)
тұлғалар туралы мәліметтер;
отырыс қворумы;

дауысқа салуға шығарылған отырыс күн тәртібінің облигациялар шығарылымының проспектісіне (облигациялық бағдарлама) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижелері облигациялар шығарылымының проспектісіне (облигациялық бағдарлама) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген мәселе бойынша қабылданған шешім.

Эмитенттің жоғары органының шешімінен үзінді-көшірме жиналыс хатшысының (корпоративтік хатшының) қолымен және эмитент мөрінің бедерімен куәландырылады. Эмитенттің басқару органы отырысының шешімінен үзінді-көшірме басқару органы хатшысының (корпоративтік хатшының) қолымен және эмитент мөрінің бедерімен куәландырылады. Эмитенттің атқарушы органының шешімінен үзінді-көшірме эмитенттің бірінші басшысының (не оның орнындағы адамның) қолымен және эмитент мөрінің бедерімен куәландырылады;

5) эмитенттің атауы, оның тұрғылықты орны, облигациялардың түрі, облигациялардың саны және (немесе) олардың айналыс мерзімі өзгерген жағдайда облигациялар шығарылымы проспектісін (облигациялық бағдарлама) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы;

6) облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама) өзгерістер мен толықтырулар енгізу нәтижесінде облигацияның меншік иелері құқықтарының бұзылмайтындығы туралы эмитенттің жазбаша міндеттемесі;

7) эмитенттің атауы өзгерген, шаруашылық серіктестіктердегі қатысушылардың құрамы өзгерген жағдайда (шаруашылық серіктестік қатысушыларының тізілімін тіркеуші жүргізетін шаруашылық серіктестіктерді қоспағанда) – жарғыға өзгерістердің көшірмесі;

8) эмитенттің тұрғылықты орны өзгерген жағдайда - әділет органының заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімге (заңды тұлғалардың электронды тіркеліміне) жаңа мәліметтерді енгізуін растайтын құжаттың көшірмесі және жарғыға енгізген өзгерістердің көшірмесі;

9) облигациялар саны өзгерген жағдайда облигациялар санын өзгерту жөніндегі шешім қабылданған күннің алдындағы күніне бағалы қағаздарды

есепке алу үшін тіркеуші берген эмитенттің жеке шотынан үзінді көшірмесі.

Эмитенттің соттың құрылымды қайта қарау жөніндегі шешіміне сәйкес құрылымды қайта қарауы жүргізілген жағдайда осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 5), 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттардан басқа қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

сот бекіткен құрылымды қайта қарау жоспарының көшірмесі және оның ішінде облигациялар шығарылымы талаптарының өзгерістерін қоса бере отырып, эмитенттің құрылымын қайта қарауды өткізу туралы сот шешімінің көшірмесі;

міндеттемелерінің құрылымын қайта қарау жорамалданып отырған эмитент кредиторларының жиналысы өтетін күні тіркеуші берген облигацияларды ұстаушылар тізілімінің көшірмесі;

Банктер туралы Заңының 59-3-бабының 6-тармағында көрсетілген талаптардың орындалуын растайтын мерзімді баспасөз басылымы беттерінің көшірмесі.

Заңның 9-бабының 1-тармағының 4-2), 8), 9) тармақшаларында көрсетілген облигациялар шығарылымы проспектісіндегі (облигациялық бағдарлама) мәліметтер өзгерген жағдайда осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 9) тармақшаларында көрсетілген құжаттардан басқа, мынадай құжаттардың:

осы шығарылымның бір де бір облигациясы орналастырылмаған жағдайда жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан үзінді көшірменің;

эмитент осы шығарылымның барлық облигацияларын сатып алған жағдайда сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан үзінді көшірменің;

облигация ұстаушылардың жалпы жиналысы шешімінің (барлық орналастырылған облигациялар бір ұстаушыға тиесілі болған жағдайда жалғыз ұстаушы шешімінің) және облигациялар шығарылымы проспектісіне өзгерістер енгізу туралы шешімді қабылдау күніндегі жағдай бойынша облигация ұстаушылар (сот шешіміне сәйкес немесе Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген жағдайларда жүргізілетін эмитентті қайта құрылымдау жағдайларын қоспағанда) тізілімінің көшірмелері қосымша беріледі.

Облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

эмитенттің атауы, облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілетін облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі;

облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және жері;

облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысында қатысқан ұстаушылардың облигациялар саны туралы мәліметтер;

облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысының кворумы;
облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібі;
облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысында облигациялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген негізіндегі мәселе бойынша дауыс беру тәртібі;
облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысы төрағасының және хатшысының аты-жөні, бар болса - әкесінің аты;
облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіндегі облигациялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген негізіндегі дауыс беруге салынған әр мәселесі бойынша облигациялар ұстаушылар дауыстарының жалпы саны;
облигациялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген негізіндегі мәселе бойынша күн тәртібінің әр тармағы бойынша эмитенттің облигациялар ұстаушыларының жалпы жиналысымен қабылданған ш е ш і м і ;

облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер.

Ескерту. 5-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011.02.28 № 17 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.08.26 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.11.2013 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 24.12.2014 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5-2. Эмитент облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу үшін ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган:

1) облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісіне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды тіркейді және эмитенттің атауы, тұрғылықты жері, облигациялар саны және (немесе) олардың айналыс мерзімі өзгерген жағдайда бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу туралы к у ә л і к т і а у ы с т ы р а д ы ;

2) уәкілетті органның олардың мемлекеттік тіркелгені туралы белгісімен бірге облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымының проспектісіне

өзгерістер мен толықтырулардың бір данасын эмитентке қайтарады.

Ескерту. 5-2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.11.28 N 181, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.08.26 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

5-3. Уәкілетті орган облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу үшін эмитент ұсынған құжаттарды осы Ереженің 5-1-тармағында көрсетілген құжаттар берілген күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде қарайды.

5-4. Облигациялар шығарылымы проспектісіне өзгерістердің мемлекеттік тіркелуі төленуі осы эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен жасалатын облигацияларды қоспағанда, осы өзгерістер облигациялар шығарылымының тіркелген көлемінің өзгеруіне әкелмейтін жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011.02.28 № 17 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2-тарау. Айналыс мерзімі жиырма айдан аспайтын облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. 2-тарау жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 181 Қаулысымен.

6. Айналыс мерзімі жиырма айдан аспайтын облигациялар шығарылымын акциялары қор биржасы ресми тізімінің "акциялар" секторындағы бірінші санатына енгізілген эмитент жүзеге асырады.

7. Эмитент айналыс мерзімі жиырма айдан кем емес облигацияларды мемлекеттік тіркеу және оларға ұлттық сәйкестендіру нөмірін беру үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды береді:

1) айналыс мерзімі жиырма айдан кем емес облигацияларды мемлекеттік

тіркеу және оларға ұлттық сәйкестендіру нөмірін беру үшін осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған сұратуды;

2) эмитенттің қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қор биржасының қорытындысын.

8. Айналыс мерзімі жиырма айдан кем емес облигацияларды мемлекеттік тіркеу және оларға ұлттық сәйкестендіру нөмірін беру үшін ұсынылған құжаттарды уәкілетті орган олар ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күні і ш і н д е қ а р а у ы т и і с .

8-1. Эмитент және ол ұсынған құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган облигациялар шығарылымын тіркейді және эмитентке айналыс мерзімі жиырма айдан кем емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік береді.

3-тарау. Облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті қарау

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау үшін эмитент уәкілетті органға Заңның 24-бабының 1-тармағында белгіленген құжаттарды ұсынады. Облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады және қағаз тасымалдағышта екі данада және Acrobat Reader форматында электронды тасымалдағышта ұсынылады. Бұл ретте екі дананың әрқайсысында облигацияларды орналастыру қорытындысы туралы қазақ және орыс тілдеріндегі е с е п қ а м т ы л а д ы .

«Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «АА»-дан төмен емес рейтингтік бағалау немесе Moody's Investors Service, Fitch агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп Ереженің 5-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады және қағаз тасымалдауышта және Acrobat Reader форматында электронды тасымалдауышта мемлекеттік тілде және орыс тілінде екі данада ұсынылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.04.2014 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

9-1. Облигацияларды орналастыру кезеңі жүйелі алты ай болады. Орналастырудың бірінші есепті кезеңінің басталу күні облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген облигацияларды орналастыруды бастаған күн болып табылады.

Келесі есепті кезеңнің басталу күні алдыңғы есепті кезеңнің аяқталған күннен кейінгі күн болып табылады.

Облигацияларды орналастыруды аяқтау күні жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан барлық облигацияларды эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына не номиналдық ұстау есеп жүйесіне есептен шығару бойынша соңғы операцияны жүргізу күні не облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген облигацияларды орналастыру мерзімі аяқталған күн болып табылады.

Эмитент облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті орналастырудың есепті кезеңі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде, сондай-ақ облигациялар толық орналастырылған күннен бастап бір ай ішінде ұсынады.

Бір мезгілде тіркеушіге уәкілетті органға есептің ұсынылғаны туралы хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

10. Облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті қарау үшін эмитент уәкілетті органға Заңның 32-бабының 2-тармағында белгіленген құжаттарды ұсынады. Облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есеп осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады және қағаз тасымалдағышта екі данада ұсынылады. Бұл ретте екі дананың әрқайсысында облигацияларды өтеу қорытындылары туралы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі есеп қамтылады.

Standard&Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «АА»-дан төмен емес рейтингілік бағасы немесе Moody's Investors Service, Fitch агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымының облигацияларын өтеу қорытындылары туралы есеп осы Ереженің 6-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады және қағаз тасымалдағышта мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада және Acrobat Reader форматында электронды тасымалдағышта мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данада ұсынылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

18.04.2014 № 52 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Облигацияларды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті қарау үшін эмитент ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган:

1) облигацияларды орналастыру және (немесе) өтеу қорытындылары туралы есепті бекітеді және эмитентті есептің бекітілгені туралы жазбаша хабардар етеді ;

2) эмитентке облигацияларды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есептің уәкілетті органның оны бекіткендігі туралы белгісі қойылған бір данасын қайтарады .

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2013 № 268 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2013 № 268 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-1 тарау. Облигациялар шығарылымының күшін жою

Ескерту. 3-1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12-1. Облигациялар шығарылымының күшін жою туралы шешім уәкілетті органмен Заңның 30-1-бабында көзделген негіздемелер бойынша қабылданады.

Ескерту. 12-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011.02.28 № 17 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12-2. Облигациялар шығарылымының күшін жою үшін эмитент уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ерікті нысанда жазылған өтініш;

2) облигациялар шығарылымының күшін жою туралы шешім қабылдаған эмитенттің шешімінің көшірмесі;

3) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің, облигациялар шығарылымының проспектісінің уәкілетті органның тіркеу туралы белгісімен түпнұсқалары ;

4) егер осы шығарылымның бір де бір облигациясы орналастырылмаса немесе эмитент осы шығарылымның барлық облигацияларын қайталама бағалы қағаздардың нарығында сатып алған жағдайда жою туралы шешімді қабылданған күнге тіркеушінің облигациялар ұстаушыларының жоғы туралы х а б а р л а м а с ы ;

5) қолданыс мерзімі аяқталған жағдайда осы шығарылымның барлық облигациялары бойынша талап ету құқықтарының сатып алынғанын растайтын қ ұ ж а т .

Қаржы ұйымдарын қайта құрылымдау рәсімдерін жүзеге асыру кезінде эмитент осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға қосымша сотпен бекітілген қайта құрылымдау жоспарының көшірмесін қоса бере отырып, эмитенттің қайта құрылымдауын жүргізу туралы сот шешімінің көшірмесін ұ с ы н а д ы .

Мәжбүрлеп таратылатын эмитенттің тарату комиссиясы осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға қосымша тарату процесінің аяқталғанын растайтын құжаттарды (тарату балансының көшірмесін) ұсынады.

Ескерту. 12-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011.02.28 № 17 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12-3. Осы Ереженің 12-2-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды жоғалтқан жағдайда эмитент уәкілетті органға бұқаралық ақпараттар құралдарында жарияланған жоғалған құжаттардың жарамсыздығы туралы хабарламаның көшірмесін ұсынады.

12-4. Эмитенттің облигациялар шығарылымының күшін жоюға уәкілетті органға ұсынған құжаттары оларды алған күннен бастап он төрт күн ішінде қаралады.

12-5. Эмитенттің облигациялар шығарылымының күшін жоюға ұсынған құжаттары Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Ережеге сәйкес болған жағдайда уәкілетті орган облигациялар шығарылымының күшін жояды және эмитентке осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес облигациялар шығарылымының күші жойылғаны туралы хабарлама жібереді. Облигациялар шығарылымының күшін жою туралы қабылданған шешімді уәкілетті орган эмитенттің тіркеушісіне және орталық депозитарийге мәлімет үшін жібереді.

12-6. Облигациялар шығарылымы облигациялар шығарылымы күшін жойғаны туралы хабарламада көрсетілген күннен бастап, бірақ уәкілетті орган облигациялар шығарылымының күшін жою туралы шешім қабылдаған күннен он күн асырмай күшін жояды.

4-тарау. Қосымша ережелер

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының резидент эмитентінің ең төменгі кредиттік рейтингі - Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В»-дан немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасынан төмен болмауы тиіс.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13-1. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін банктің ең төменгі кредиттік рейтингі - Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-»-тен немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасынан төмен емес.

Ескерту. 13-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым мына:

1) қайталама бағалы қағаздар нарығында айналыстағы облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша уақтылы орындалмаған және орындалмаған міндеттемелердің болмауы;

2) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды беру күніне дейін аяқталған соңғы екі қаржы жылының біреуінің қорытындылары бойынша эмитенттің шығынсыз қызметі немесе оның аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігіне сәйкес аяқталған соңғы екі қаржы жылының біреуінде эмитенттің қызметінен алынған ақшалай қаражатының таза ағындары оң болса;

3) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды беру күніне, сондай-ақ құжаттарды беру күніне дейінгі үш ай ішіндегі кезеңде пруденциалдық нормативтерді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген өзге де нормалар мен лимиттерді сақтамау фактілерінің болмауы;

4) осы шығарылымның облигациялары және эмитент Заңда және сауда-саттықты ұйымдастырушы эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қатысты белгілеген талаптарға сәйкес келуі (

егер эмитент және осы шығарылым облигациялары қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі болжанған жағдайда) талаптарын сақтаған кезде облигациялардың шығарылымын жүзеге асырады.

Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптарды сақтаған кезде, сондай-ақ мына талаптардың біреуін сақтаған кезде:

жаңадан шығарылатын облигациялар ипотекалық облигациялар болып т а б ы л с а ;

уәкілетті органға облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды беру күні банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның Ереженің 13-тармағында белгіленген ең төменгі кредиттік р е й т и н г і с і болса ;

уәкілетті органға облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды беру күні банктің Ереженің 13-1-тармағында белгіленген ең төменгі кредиттік рейтингісі болса, облигациялардың шығарылымын жүзеге асырады.

Осы тармақтың талаптары банкті қайта құрылымдауды жүргізу туралы сот шешіміне сәйкес жүргізілетін банктің бұрын шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді қайта құрылымдауды жүргізуі жағдайларына қ о л д а н ы л м а й д ы .

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасының талаптары банктің акцияларға айырбасталатын реттелген облигациялар түріндегі облигацияларының шығарылымына қолданылмайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14-1. Егер эмитенттің Ереженің 13-тармағында белгіленген ең төменгі кредиттік рейтингісі болмаса (ипотекалық облигациялар эмитенттерін, сондай-ақ Ереженің 14-тармағында көрсетілген эмитенттерді қоспағанда), ол облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсынар алдындағы соңғы тоқсанның қорытындылары бойынша леввередж шамасының есебін ұсынады.»

Ескерту. 14-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14-2. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

14-3. Эмитент соттың осыдан кейінгі облигациялар шығарылымын, облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылымды қайта қарауды

өткізу жөніндегі сот шешіміне сәйкес құрылымды қайта қарауды өткізген жағдайында мынадай құжаттарды береді:

- 1) еркін нысанда жазылған өтінішін;
- 2) жарғының көшірмесін;
- 3) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;
- 4) облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттың көшірмесін;
- 5) сот бекіткен құрылымды қайта қарауды өткізу жоспарының көшірмесін қоса бере отырып, эмитент құрылымын қайта қарауды өткізу туралы сот шешімінің көшірмесін;
- 6) осы Ереженің 1-қосымшасына немесе 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі данада жасалған қағаз тасымалдауыштағы (мемлекеттік және орыс тілдеріндегі) облигациялар шығарылымы (облигациялық бағдарлама) проспектісі және Acrobat Reader форматындағы электронды тасымалдауышта (қоғамның қаржылық есеп беруінсіз) мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данада. Бұл ретте әрбір екі данада мемлекеттік және орыс тілдеріндегі облигациялар шығарылымы (облигациялық бағдарлама) проспектісі бар;
- 7) Банктер туралы заңның 59-3-бабының 6-тармағында көрсетілген талаптардың орындалуын растайтын мерзімді баспасөз басылымы беттерінің көшірмесін.

Эмитент облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін осы тармақтың 1), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларымен көзделген құжаттарды береді.

Ескерту. 14-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

15. Ипотекалық облигациялар мынадай жоғары өтімді активтермен қамтамасыз етілуі мүмкін:

- 1) ақшамен;
- 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен;
- 3) "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздарымен;
- 4) Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»- тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің

осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе «Standard & Poor's» ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акцияларымен;

«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе «Standard & Poor's» ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттармен;

Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші санатына енгізілген акцияларымен;

Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының базалық активі қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші санатына енгізілген акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттармен;

«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе «Standard & Poor's» ұлттық шкаласы бойынша «kzB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарымен.

Ипотекалық облигацияларды қамтамасыз етуге енгізілетін бағалы қағаздардың және ақшаның құны айналысқа түсу процесінде қамтамасыз етудің жалпы құнының 20%-ынан астам емес болуы тиіс.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.08.22 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 24.12.2014 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

16. Уәкілетті орган облигациялар проспектісі шығарылымы аясында берілген ақпаратты, уәкілетті органның ресми web-сайтында орналастыру жолымен оларды орналастыру және өтеу қорытындысы туралы есептерді, сондай-ақ келіп түскен дефолт фактілері туралы ақпаратты мүдделі тұлғалардың сұратулары бойынша ашады. Осы Ережеге сәйкес уәкілетті органға эмитент қағаз және электронды тасымалдағыштармен ұсынған құжаттар мазмұны дәлме-дәл болуы тиіс.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

16-1. Эмитент ұсынған құжаттар көшірмелері бірінші басшының (не оның орнын ауыстыратын тұлғаның) қолы қойылуымен және эмитенттің мөр таңбасымен расталады.

Құжаттың парақтары көп болған жағдайда әр парағы расталады не құжат тігіледі және тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген қағаз пломбасымен бекітіледі. Мөрдің таңбасы және бірінші басшысының (немесе оның орнын ауыстыратын тұлғаның) қолы жартылай қағаз пломбаға, жартылай құжаттың парағына түсуі тиіс.

Ескерту. 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16-2. Облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны), шығарылым проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді және облигациялар шығарылымын жоюды мемлекеттік тіркеуден бас тартқан жағдайда эмитент уәкілетті органның ескертулерін жойып, пысықталған құжаттарды бас тартуды алған күннен бастап екі ай ішінде уәкілетті органға қайта ұсынады.

Ескерту. 16-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

16-3. Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде және есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмейтін мерзімде тоқсан сайын уәкілетті органға облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезең ішінде осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес ақпараттарды ұсынады.

Ескерту. 16-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

16-4. Қоғам облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) және облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін осы Ережеде көрсетілген өтініш пен құжаттарды қағаз түрінде не электрондық түрде «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ұсынады.

Құжаттарды «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру кезінде құжаттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарына сәйкес өтініштің электрондық нысанына тіркеледі.

Облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) және облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеу, айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы белгі қоймайды.

Ескерту. 16-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

17. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары туралы есепті қарау ережесіне 1-қосымша

Облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Облигациялар шығарылымы (облигациялық бағдарлама) проспектісінің мәтінінде эмитенттің қаржылық жай-күйі мен қызметі туралы ақпарат бар.

1. Облигациялар шығарылымы проспектісінің бірінші бетінің парағында:

1) құжаттың атауы: «Облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісі»;

2) эмитенттің толық және қысқартылған атауы;

3) акциялар шығарылымының проспектісі жасалған және қаржылық көрсеткіштер берілген күні;

4) орналастырылатын облигациялардың түрі және саны бар. Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде облигациялық бағдарламаның жиынтық көлемін көрсету керек;

5) «Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу шығарылым проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болмасын ұсыным беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайы болуына жауап бермейді. Облигациялар шығарылымы проспектісінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі ғана қаралады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайы болуына жауап береді және ондағы барлық ақпараттың шынайы болуын және эмитент пен оның облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды» деген жазба.

Облигациялар шығарылымы (облигациялық бағдарлама) проспектісінің мәтіні мыналардан тұрады:

1. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

2. Э м и т е н т т і ң а т а у ы .

Осы тармақта эмитенттің толық және қысқаша атауын көрсету керек.

Егер эмитент жарғысында оның толық және қысқаша атауы шет тілінде көзделген болса, онда осындай атауды қосымша көрсету керек.

Эмитент атауы өзгерген жағдайда оның осының алдындағы атауының толық және қысқарған түрі, сондай-ақ оның өзгертілген күні көрсетілуі керек.

Егер эмитент заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдастырылуы негізінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар мен эмитенттің заңды мұрагерлеріне қатысты мәліметтерді көрсету қажет.

3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы және эмитенттің алғашқы тіркелген күні көрсетілуі қажет.

4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсының нөмірлері, электрондық почтасының мекенжайы туралы ақпарат.

6. Эмитенттің банктік деректемелері.

7. Эмитент қызметінің түрлері.

8. Егер эмитент қаржы агенттігі болып табылса, мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) эмитент соған сәйкес Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексіне сәйкес қаржы агенттігі ретінде экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатын іске

асыруға уәкілетті болатын құжат;

2) қаржы агенттігі мәртебесін иелену күні (бар болса).

9. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктер тағайындаған рейтингтердің болуы туралы мәліметтер.

10. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекен-жайы.

11. Эмитенттің соңғы аяқталған үш қаржы жылына қаржылық есебіне қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдарының (аудитордың аты-жөні, бар болса - әкесінің аты), олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы.

Проспектіні уәкілетті органға ұсыну алдындағы үш жыл ішінде тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілердің, олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы. Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттың бұзылуы орын алған жағдайда, оның бастамашысы болған тарапты көрсете отырып шарттың бұзылу себебі туралы ақпарат ұсынылуға тиіс.

12. Эмитенттің корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні (оның қабылдануы қоғамның жарғысында қаралған жағдайда).

2. Эмитенттің органдары

13. Эмитенттің органдарының құрылымы.

Осы тармақта эмитенттің органдарының құрылымы және олардың Қазақстан Республикасының заңдарына, эмитенттің жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес құзыреті көрсетіледі.

14. Эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) мүшелері.

О с ы т а р м а қ т а :

1) эмитенттің директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) мүшелерінің әрқайсының, оның ішінде директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) төрағасының фамилиясы, аты, болған жағдайда - әкесінің аты, туған жылы және осы тұлғалар қызметіне кірісу күні;

2) директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің әрқайсының фамилиясы, аты, болған жағдайда - әкесінің аты және осы тұлғалар қызметіне кірісу күні;

3) эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесі) әрбір мүшелерінің соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын, оның ішінде қоса атқарған қызметтері хронологиялық тәртіппен;

4) эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) әрбір мүшелерінің әрқайсының қатысу үлесін көрсете отырып эмитенттің және оның еншілес және

тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталына (акцияларына/үлесіне) қатысуы;

5) өткен екі жыл ішіндегі директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) құрамындағы өзгеріс көрсетіледі.

15. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері (ондай болған жағдайда).

Осы тармақта эмитенттің директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) атауын (атауларын), оның (олардың) құзыретін, эмитенттің директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) әр мүшесінің аты-жөні, бар болса - әкесінің аты және туған жылы және олардың қызметтеріне кірісу күні көрсетілуге тиіс.

16. Ішкі аудит қызметі (бар болса).

Осы тармақта қоғамның ішкі аудит қызметі басшысының тегін, атын, бар болса – әкесінің атын және оның қызметіне кірісу күнін көрсету қажет.

17. Эмитенттің атқарушы органы.

О с ы т а р м а қ т а :

1) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функциясын жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, бар болса - әкесінің аты және туған жылы не эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысының тегі, аты, бар болса - әкесінің аты және туған жылы;

2) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғасы не эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсының соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын, оның ішінде қоса атқарған қызметтері хронологиялық тәртіппен, олардың қызметтеріне кірісу күні және өкілеттері;

3) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғасының не эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшелерінің әрқайсының қатысу үлесін көрсете отырып эмитенттің және ұйымдардың төленген жарғылық капиталына қатысуы көрсетіледі.

18. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттігі басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілсе, онда осы тармақта:

1) басқарушы ұйымның толық және қысқаша атауын;

2) осы ұйымның жеке дара атқарушы органының функциясын жүзеге асыратын тұлғаның аты-жөнін және туған жылын не оның алқалы атқарушы органының және оның директорлар кеңесінің (қадағалау кеңесінің) мүшелерінің аты-жөнін және туған жылдарын;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалардың соңғы екі жылда атқарған, оның ішінде өкілеттіктерін көрсете отырып қоса атқарған, қызметтерін хронологиялық тәртіппен;

4) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалардың эмитенттің, оның еншілес және басқарушы ұйымының, оның ішінде акционерлік қоғамның төленген жарғылық капиталына (акцияларына/үлесіне) қатысуын көрсету керек.

Осы тармақты акционерлік қоғамдар толтырмайды.

19. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, эмитенттің атқарушы органының мүшелеріне және эмитенттің басқа басқарушы тұлғаларына төленетін сыйақылар

Осы тармақта осы Қосымшаның 14, 15 және 17-тармақтарында көрсетілген тұлғалардың облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннің алдындағы соңғы үш айда алған сыйақысының (ақшалай, бағалы қағаздармен немесе қандай да болмасын басқа нысанда) жалпы мөлшері, сондай-ақ облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап соңғы он екі ай ішінде аталған тұлғаларға төленетін сыйақының жоспарланған жалпы мөлшері көрсетіледі.

20. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

О с ы т а р м а қ т а :

- 1) эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары және өкілдіктері;
- 2) эмитент қызметкерлерінің, оның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны;
- 3) эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер көрсетіледі.

3. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) және үлестес тұлғалары

21. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).

О с ы т а р м а қ т а :

- 1) эмитент (егер эмитент акционері (қатысушысы) заңды тұлға болып табылса осы заңды тұлғаның ірі не осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылары көрсетіледі) акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны және эмитент үлестерінің (орналастырылған және дауыс беруші акцияларының) он және одан да көп пайызын иеленген акционерлерлері (толық және қысқартылған атауы, заңды тұлғаның мекен-жайы не жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) туралы ақпарат;
- 2) эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдары арқылы эмитенттің қызметін бақылау құқығы бар тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер эмитент банк болып табылған жағдайда, осы тармақта, осы тармақтың 1) -2) тармақшаларында аталған ақпараттардан басқа, банктің орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленген, банктің орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызын тікелей

немесе жанама дауыс беруге не банк шарттың күшімен немесе өзге жағдаймен эмитент қабылдаған шешімге ықпал етуге мүмкіндігі бар акционерлер туралы а қ п а р а т т ы к ө р с е т у к е р е к .

22. Эмитенттің заңды тұлғаларының толық атауын, орналасқан жерін, оның жарғылық капиталындағы эмитенттің акцияларының (үлестерінің) пайыздық қатынасын, қызмет түрін, аты-жөнін және бірінші басшысының атын көрсете отырып, акциялардың (үлестердің) он және одан да көп пайызын иеленген заңды тұлғалар туралы мәліметтері.

23. Эмитент қатысатын өндірістік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

24. Эмитенттің басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер. Осы тармақта заңды тұлғаның толық атауын (жеке тұлғаның аты-жөні, бар болса - әкесінің аты), оның орналасқан жері, қызметінің түрін, бірінші басшысының аты-жөнін көрсете отырып осы Ереженің 14, 15, 17, 21 және 22-тармақтарына сәйкес көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын барлық тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

25. Эмитенттің үлестес тұлғаларының қатысуымен жасалған операциялар. Осы тармақта заңды тұлғаның атауы және оның мекен-жайы және/немесе аты-жөні, бар болса - жеке тұлғаның әкесінің аты және туған жылы, мәміле жасалған сомасы және осы шешімді эмитенттің қандай органы қабылдаған қорытындысының күндері көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмитентке қатысты үлестес болып табылатын ұйымдардың қатысуымен соңғы жылда эмитент жүргізген барлық операциялар туралы а қ п а р а т а ш ы л а д ы .

26. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде үлестестігін тану үшін негізді және оның туындаған күнін көрсете отырып секьюритилендіру мәмілесі тараптарының үлестестігі туралы ақпарат ашылады.

4. Эмитент қызметінің сипаты (эмитент IAS 27 қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес топтың құрамына кірген жағдайда, осы тарау барлық топтың шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде, сондай-ақ эмитенттің өзінің қаржылық есептілік негізінде де толтырылады)

27. Эмитент қызметінің жалпы үрдістері, оның ішінде эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша қысқаша сипаты.

О с ы т а р м а қ т а :

1) эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

2) эмитент қызметінің Қазақстан Республикасының ішіндегі салалық орташа және егер бұл мүмкін болса, әлемдік орташа көрсеткіштермен салыстырмалы с и п а т т а м а с ы ;

3) саланың болашақтағы дамуына қатысты болжамы және эмитенттің осы саладағы жағдайы көрсетіледі.

28. Эмитентпен жасасқан, оның салдарынан эмитенттің қызметіне елеулі түрде ықпал ететін келісімшарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

29. Эмитент қызметін жүзеге асыру үшін алынған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы, құжаттың нөмірі және күнін, қолданылу мерзімін және осы құжатты берген орган көрсетілген мәліметтер.

30. Соңғы екі жылда немесе нақты жұмыс істелген кезеңде сатылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызмет көрсетудің) нақты немесе сандық өлшем бірліктерімен көрсетілген көлемі.

Эмитенттің соңғы екі жылда немесе нақты жұмыс істелген кезеңде сатылған өнімінің (көрсетілген жұмыстың, қызметтің) көлеміндегі өзгерістерге талдау ж а с а у .

31. Эмитенттің негізгі қызметінің түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

32. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуді) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

Осы тармақта эмитенттің негізгі жеткізушілері және тұтынушылары туралы мәліметтер көрсетіледі, эмитенттің жұмыс істеп тұрған жеткізушілерге және тұтынушыларға тәуелді болу дәрежесі, оның ішінде:

1) эмитенттің барлық жеткізілімінің он және одан астам пайызы тиесілі болатын жеткізушілерінің атауы және орналасқан жері, олардың үлестері пайызбен көрсетіледі. Осы дерек көздеріне болашақта рұқсат беруге қатысты б о л ж а м д а р ұ с ы н ы л у ы т и і с ;

2) үлесіне эмитенттің өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуін) сатудан түскен жалпы түсімнің он және одан астам пайызынан астамы тиесілі болатын тұтынушылардың атауы және орналасқан жері, олардың сатудың жалпы көлеміндегі үлестері пайызбен көрсетіледі. Эмитенттің өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуін) сатуға әсер етуі мүмкін теріс факторлар ашылады.

33. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар:

1) эмитент қызметінің маусымдылығы, эмитент қызметінің маусымдық сипаттағы түрлері және олардың эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі;

2) импорттың эмитентке жеткізілген (көрсетілген) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтегі) үлесі және эмитенттің экспортқа сатқан өнімінің (жұмыстарының, қызметінің) сатылған өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі;

3) облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай

ішінде жасалуға тиіс (жасалған) немесе орындалуға тиіс (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер, егер осы мәміленің (мәмілелердің) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын болса;

4) болашақтағы міндеттемелер. Эмитенттің болашақтағы негізгі міндеттемелері және осы міндеттемелер эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін теріс әсері, оның ішінде осы эмитент, облигациялардың саны, кепілдік беру шарттары, өтеу күні және кепілдік берілген шығарылымның валютасы туралы ақпаратты қоса отырып, өзге эмитенттердің үшінші тұлғалардың кепілдік беруімен қамтамасыз етілген облигациялары бойынша эмитенттің кепілдік беруі туралы ашылады;

5) эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Эмитенттің қатысуымен өткен, нәтижесінде эмитент қызметінің тоқтатылуы немесе шектелуі, оған маңызды ақшалай және өзге де міндеттемелер берілуі мүмкін сот процестерінің мәніне сипаттама беру;

6) уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе сот соңғы жыл ішінде эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына қолданған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер. Санкция қолданылған күнді, санкция қолданған органды, санкция қолдану себептерін, санкцияның түрлерін және мөлшерін, сондай-ақ санкцияның орындалу дәрежесін көрсету;

7) тәуекел факторлары. Облигация ұстаушылары ұшырайтын тәуекел факторларына нақты талдауды ұсыну;

8) эмитенттің қызметі туралы, эмитент өзінің қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат.

5. Қаржылық жай-күй

34. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан астам пайызын құрайтын материалдық активтердің түрлері.

35. Баланстық құны негізгі құрал-жабдықтың жалпы баланстық құнының бес және одан астам пайызын құрайтын негізгі құрал-жабдықтың түрлері.
36. Инвестициялар.

Осы мәселе бойынша ақпарат мынадай құрылымда ұсынылуға тиіс: басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялар, ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық портфель.
37. Дебиторлық берешек.

Осы тармақта эмитенттің алдында дебиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан астам пайызы мөлшерінде дебиторлық берешегі бар ұйымның атауын көрсете отырып дебиторлық берешектің құрылымы не эмитенттің

неғұрлым ірі он дебиторының тізімі ашылады.

38. Әрбір активтің құны және тиісті шарттардың қолданылуы аяқталған күні көрсетілген, эмитенттің міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын, сондай-ақ сенімгерлікпен басқаруға берілген, жалпы активтері көлемінің кем дегенде он пайызын құрайтын эмитенттің активтері туралы мәліметтер.

39. Осы тармақта эмитенттің жарғылық және меншікті капиталының мөлшері көрсетіледі.

40. Қ а р ы з д а р .

Осы тармақта қолданылып жүрген банктік заемдар және кредиттік желілер, олардың валютасы, сыйақы ставкалары, қамтамасыз ету түрлері туралы ақпараттың мәні ашылады. Жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсан бойынша бөлінуге тиіс, қалған сомалар жылдар бойынша бөліне отырып ұ с ы н ы л а д ы .

41. Эмитенттің негізгі қызметті жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешегі (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар).

Осы тармақта эмитент өзінің кредиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан астам пайыз мөлшерінде берешегі бар ұйымның атауын көрсете отырып, кредиторлық берешектің құрылымы не эмитенттің бірінші он неғұрлым ірі кредиторлық тізімі ашылады.

42. Эмитенттің соңғы үш аяқталған қаржы жылы ішінде (үш жылдың ішіндегі әр жылдың қорытындысы бойынша бөлігінде) алған (шеккен) кірістің (ш ы ғ ы н н ы ң) м ө л ш е р і .

43. Л е в е р е д ж .

Осы тармақта эмитенттің левередж шамасы соңғы үш жылдың әр аяқталған қаржы жылының бірінші күнгі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі. Егер эмитенттің облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның қорытындылары жөніндегі қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болып табылған жағдайда соңғыдан бұрынғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша левередж көлемі көрсетіледі.

44. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы аяқталған екі қаржы жылының бір жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны көрсетіледі.

6. Бағалы қағаздар шығарылымдары туралы мәліметтер

45. Облигациялар шығару туралы шешім қабылданғанға дейін эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдарына қатысты:

1) әрбір шығарылым облигацияларының жалпы саны, түрі және номиналдық құны, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған облигациялардың саны, сондай-ақ орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, негізгі борыш сомасы, әрбір шығарылым бойынша сыйақының аударылған және төленген сомасы, сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, осындай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні ;

2) құрылтайшылар төлеген акцияларының жалпы саны, түрі және номиналдық құны, сондай-ақ акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі. Соңғы күнге сатып алынатын бағасы көрсетілген, өтелген, айналыста болатын акциялардың саны. Акцияны сатып алу әдістемесі бекітілген күн. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, осындай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні ;

3) орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және осы сияқтылардың орындау мерзімі, бағалы қағаздар бойынша (шығарылымдары және түрлері бойынша жеке) есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы туралы ақпаратты қоса отырып , эмитенттің өзінің бағалы қағаздар ұстаушылар алдында орындалмаған міндеттемелерінің фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыларды төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу (төлеуді кешіктіру));

4) егер бағалы қағаздардың қандай да болмасын шығарылымы тоқтатылған немесе жарамсыз болып танылған не күші жойылған жағдайда осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік органды, оларды қабылдау негіздері және күні ;

5) әрбір тіркелген шығарылым бойынша сыйақы төлеу күндері, төлеуге жататын сомалар, сатып алған күндері және әрбір шығарылым бойынша өтеу кезінде төленген сомалар ;

6) соңғы екі қаржы жылының әрбір жылындағы немесе нақты жұмыс істеу кезеңіндегі бір акцияға (жай, артықшылықты) дивидендтердің есептелген сомасы және төленген дивидендтердің сомасы көрсетілген дивидендтің мөлшері;

7) сауда-саттық ұйымдастырушылардың атауын қоса отырып, эмитенттің бағалы қағаздарымен сауда жүзеге асырылатын негізгі нарықтары;

8) бұрын шығарылған облигациялардың әрбір түрі бойынша олардың ұстаушыларына берілетін құқықтар, оның ішінде шектеулерді (ковенантты) бұзғанда іске асырылған және ұстаушылардың осы құқықтарды іске асыру

тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар көрсетіледі.

7. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер (бұл бөлім облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде толтырылмайды)

46. Облигациялар туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі (купондық немесе дисконттық, инфрақұрылымдық немесе арнайы қаржы компаниясы шығаратын), қамтамасыз етудің болуы (толық немесе ішінара қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген, оның ішінде реттелген), номиналдық құнын немесе сыйақы мөлшерін (индекстелген) есептеу с и п а т ы ;

2) шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі (облигациялар шығарылымының жалпы көлемін номиналдық құны бойынша көрсету керек);

3) бір облигацияның номиналдық құны;

4) облигацияларды орналастырудың басталған күні және айналысының б а с т а л ғ а н күні ;

5) мыналарды көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы: облигациялар бойынша сыйақы ставкасы; сыйақыны, кезеңділікті есептеу басталатын күн және сыйақы төленген күн, оны төлеу тәртібі және талаптары (егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған жағдайда, төлем валютасы және айырбастау бағамы көрсетіледі);

сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі; индекстелген облигациялар шығару кезіндегі есептеу тәртібі.

Егер сыйақы ставкасы белгіленбеген болса, оның мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі ;

б) мыналар қоса көрсетілген облигациялардың айналысы және оларды өтеу туралы мәліметтер :

облигациялардың айналыс мерзімі және оларды өтеу талаптары; облигациялар айналысы жоспарланатын (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған) нарықты;

облигацияларды өтеу күні;

облигациялар өтелетін орын (орындар);

облигацияларды өтеу тәсілі;

орны және облигацияларды эмитент кассасы арқылы қолма-қол ақшамен өтеу кезінде өтініш жасауға болатын тұлғалар;

7) облигацияларды төлеу талаптары мен тәртібі: облигацияларды (осы эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигацияларды қоса алғанда) төлеудің талаптары, тәртібі, есеп айырысу тәсілдері, оның ішінде қайта құрылымдау жоспарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып көрсетіледі;

8) облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде):

қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда: толық немесе ішінара қамтамасыз ету, кепіл мәні, оның құны және кепіл мәнін өндіріп алуға өтініш жасау тәртібі;

облигацияларды қамтамасыз ету туралы шарттың талаптары; егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе - атауын, орналасқан жерін, байланыс телефондарын, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері көрсетіледі;

9) арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде қ о с ы м ш а :

тиісті шарттардың нөмірлері мен жасалған күндерін көрсете отырып, оригиналатордың, кастодиан-банктің, басқарушы агенттің және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен о р н а л а с қ а н ж е р і ;

секьюритилендіру мәмілесінде оригиналатор қызметінің мәні, құқықтары мен м і н д е т т е р і ;

талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;

оригиналатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы; талап ету құқықтарының біртектілік критерийлері;

секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы мен болжамдық талдауы; қосымша қамтамасыз ету туралы мәліметтер;

осы облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигациялардың әртүрлі шығарылымдарын өтеу кезектілігі көрсетіледі;

10) облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, бірінші басшының, атқарушы орган мүшелерінің тегі, аты, бар болса - әкесінің аты);

11) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде концессиялық шарттың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері көрсетіледі;

12) облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі: тіркеушінің атауы, оның орналасқан жері, телефон нөмірлері, шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі;

13) төлем агенті туралы мәліметтер: оның атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, тиісті шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі;

14) эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімнен бұрын өтеу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде көзделсе):

эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары және мерзімдері көрсетіледі;

15) ақысы эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны қосымша көрсетіледі;

16) облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйымдар туралы мәліметтер (егер осындай ұйыммен шарт жасау міндеті Заңның талаптарында көзделсе);

17) мыналар:

эмитенттен шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайызын алу не өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;

эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқықтары - осы проспектіде белгіленген, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзған кезде осы құқықты іске асыру талаптары, тәртібі мен мерзімдері;

егер сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілген жағдайда осы құқықтарды, олардың сақталу тәсілдерін, бағалау тәртібін және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібінің сипаттамасы қоса көрсетілген облигацияның өз ұстаушысына беретін құқықтары;

18) эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдері мен тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзғаны туралы хабардар ету тәртібі;

19) басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар көрсетіледі.

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитенттің қандай шаралар қолданатыны, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары көрсетіледі.

Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себебін, сондай-ақ эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талап қою тәртібін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің, мерзімінің және тәсілінің толық сипаттамасы көрсетіледі. Егер көрсетілген ақпаратты жария етуді эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырса, осы тұлғаның атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі.

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі көрсетіледі ;

20) опциондар туралы ақпарат :

егер опциондар эмитенттің облигацияларын сатып алуға мүмкіндік берсе, онда осы тармақшада опцион жасау талаптары көрсетіледі;

21) қор биржасының листинг комиссиясының эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қажетті қосымша шектеулерді енгізу жөніндегі ұсынымдары .

Қор биржасының листинг комиссиясының эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қажетті қосымша шектеулерді енгізу жөніндегі ұсынымдарын эмитенттің қабылдау немесе қабылдамау негіздемесі көрсетіледі.

47. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

48. Айырбасталатын облигациялар :

айырбасталатын облигациялар шығарылған және орналастырылған жағдайда облигация айырбасталатын акциялардың түрі, санаты, саны және орналастыру

бағасы, акциялар бойынша құқықтары, сондай-ақ осындай айырбастау тәртібі мен шарттары көрсетіледі (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталатын болса, онда айырбастау аяқталу күнінен соң бір ай ішінде облигациялар шығарылымының күші жойылады, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, онда осы шығарылымның сатып алынған облигациялары бұдан әрі орналастырылмайды, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні жөнінде көрсету қажет).

49. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) облигацияларды, оның ішінде ұйымдастырылмаған нарықта орналастырудың басталу және аяқталу күні;

2) акцияларға айырбасталған облигацияларды орналастырған кезде айырбастау шарттары көрсетіледі;

3) облигациялар орналастыруға қатысқан ұйымдар туралы мәліметтер: облигациялар орналастыруға қатысқан ұйымдардың атауы, орналасқан жері, тиісті шарттардың күні және нөмірі көрсетіледі;

50. Эмитент қабылдайтын және Заңда көзделмеген (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе) шектеулер (к о в е н а н т т а р) .

Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі эмитенттің және облигация ұстаушыларының әрекет ету тәртібі, оның ішінде облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу бойынша эмитенттің іс-әрекеттері толық жазылады.

51. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану.

Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаларды қолдану мақсаттары және тәртібі көрсетіледі, сондай-ақ осындай өзгерістерді көрсете отырып алынған ақшаны бөлулерді жоспарлау кезіндегі ықтимал өзгерістер пайда болған кездегі талаптар көрсетіледі.

Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде: бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі; секьюритизация мәмілесі бойынша қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеретін талаптар көрсетіледі.

Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдалануы туралы мәліметтер көрсетіледі, сондай-ақ осындай өзгерістерді көрсете отырып алынған ақшаны бөлулерді жоспарлау кезіндегі ықтимал өзгерістер пайда болған кездегі талаптар көрсетіледі.

Инфрақұрылымдық облигациялары шығарылған кезде: облигация ұстаушылары өкіліне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес қызметіне ақы төлеуге байланысты шығыстар;

эмитенттің облигация ұстаушыларының алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің сипаттамасы көрсетіледі.

8. Қосымша ақпарат

52. Эмитенттің облигациялар шығарылымына кеткен шығындарының сомасы және осы шығындардың қандай тәсілмен төленетіндігі туралы мәліметтер.

53. Инвесторлар эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдарында эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымның проспектісімен, облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен таныса алатын орындар туралы ақпарат.

Облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісіне эмитенттің бірінші басшысы, бас бухгалтері немесе олардың орнын ауыстыратын адамдардың қолы қойылады және эмитент мөрінің таңбасымен куәландырылады. Проспектісінің әрбір данасы эмитенттің соңғы екі қаржы жылының аудиторлық есептермен (еншілес ұйым (ұйымдар) болмаған жағдайда аудиторлық есеппен бекітілген жекелеген қаржылық есептілік ұсынылады) және тігілген және нөмірленген парақтардың санын көрсете отырып облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша қаржылық есеппен расталған жылдық қаржылық есептерімен (еншілес ұйым (ұйымдар) болмаған жағдайда аудиторлық есеппен бекітілген жекелеген қаржылық есептілік ұсынылады) бірге тігіледі және тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы тоқсаннан кейінгі айдың 25-не дейін соңғыдан бұрынғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша қаржылық есептілік ұсынылады.

Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары туралы есепті қарау ережесіне 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.08.26 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттерінің облигацияларын шығару проспектісі

Облигацияларды шығару проспектісінің бірінші беті

Құжаттың атауы: "Облигацияларды шығару проспектісі".

Э м и т е н т т і ң а т а у ы .

Орналастырылатын облигациялардың түрі, саны, жиынтық көлемі.

Эмитентке берілген рейтингтер және (немесе) рейтинг агенттіктерінің атауларын көрсете отырып, олар шығарған бағалы қағаздар туралы мәліметтер.

Жазбасы: "Уәкілетті органның облигацияларды шығару проспектісін мемлекеттік тіркеуі шығарылым проспектісінде сипатталған облигацияларды инвесторлардың сатып алуына қатысты ұсынымдар беруді көрсетпейді және уәкілетті орган осы құжаттың мазмұнына жауап бермейді".

1. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

1 . Э м и т е н т т і ң а т а у ы

Осы тармақта эмитенттің толық және қысқартылған атауын көрсету керек. Егер эмитент жұмыс істеген уақыт ішінде оның атауы ауыстырылса, онда осы тармақта оның бұрынғы барлық толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олар өзгертілген күндер көрсетіледі.

2. Эмитенттің заңды тұлға ретінде құрылуы және тіркелуі жөніндегі м ә л і м е т т е р .

Осы тармақта эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелгендігін растайтын құжаттың берілген күні және нөмірі, сондай-ақ осы құжатты эмитентке берген мемлекеттің органының атауы көрсетіледі.

3. Облигацияларды шығару проспектісінде ақпаратты шынайы көрсетуге жауапты тұлғалардың аты-жөні, әкесінің аты, орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсының нөмірлері, электрондық почтасының адресі

т у р а л ы

м ә л і м е т т е р .

4. Эмитентті құрудың және қызметінің қысқаша тарихы. Эмитентті құрудың және қызметінің мақсаты. Егер эмитент заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қосылуы, ажыратылуы, бөлініп шығуы не қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылған болса, онда осы тармақта қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар мен эмитентке қатысты жасалған қайта ұйымдастыру және заңды мұрагерлер туралы мәліметтер көрсетіледі.

2. Эмитенттің басқару органдары

5. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы.

Осы тармақта эмитенттің басқару органдарының құрылымы және олардың құзыреті эмитент мемлекетінің заңдарына, эмитенттің жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес көрсетіледі.

5-1. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері (ондай болған жағдайда).

Осы тармақта эмитенттің директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) атауын (атауларын), оның (олардың) құзыретін көрсету қажет.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау органының) мүшелері.

О с ы т а р м а қ т а :

1) тәуелсіз директорларды көрсете отырып, эмитенттің директорлар кеңесі (бақылау органының) мүшелерінің әрқайсының, оның ішінде директорлар кеңесі (бақылау органының) төрағасының аты-жөнін, туған жылын;

2) эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау органының) әрбір мүшесінің а т қ а р ғ а н қ ы з м е т т е р і ;

3) эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау органының) әрбір мүшесінің оның жарғылық капиталына (акцияларына/үлесіне) қатысуы;

4) өткен екі жыл ішіндегі директорлар кеңесінің (бақылау органының) құрамындағы өзгеріс көрсетіледі.

6-1. Ішкі аудит қызметі (бар болса).

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7. Эмитенттің атқарушы органы (менеджмент).

О с ы т а р м а қ т а :

1) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функциясын жүзеге асыратын

тұлғаның аты-жөні және туған жылы не эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсының аты-жөні, туған жылы;

2) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғасының не эмитенттің алқалық атқарушы органы мүшелерінің әрқайсының қазіргі уақытта қоса атқаратын қызметтері;

3) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғасының не эмитенттің алқалық атқарушы органының әрбір мүшесінің әрқайсының жарғылық капиталындағы (акциялар/үлестер) қатысу үлесі көрсетіледі.

8. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, эмитенттің атқарушы органының мүшелеріне төленетін сыйақылар.

Осы тармақта осы Қосымшаның 6 және 7-тармақтарында көрсетілген тұлғалардың облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннің алдындағы соңғы үш айда алған сыйақысының (ақшалай, бағалы қағаздармен немесе қандай да болмасын басқа нысанда) жалпы мөлшері, сондай-ақ облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап соңғы он екі ай ішінде аталған тұлғаларға төленетін сыйақының жоспарланған жалпы мөлшері көрсетіледі.

9. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

Осы тармақта эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары және өкілдіктері, эмитент қызметкерлерінің, оның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны, эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер, бөлімшелер мен филиалдардың қызметкерлеріне келетін жарғылық капиталдағы үлес көрсетіледі. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құрылымдық бөлімшелердің атауын жеке көрсету керек.

3. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) және аффилиирленген тұлғалары

10. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).

Осы тармақта:

1) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) (егер эмитент акционері (қатысушысы) заңды тұлға болып табылса осы заңды тұлғаның ірі акционерлері немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленген қатысушылар көрсетіледі) жалпы саны, заңды тұлғаның атауы, мекенжайы не эмитент орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталындағы үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленген акционерлердің (қатысушылардың) тегі, аты;

2) эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы эмитенттің қызметін бақылау құқығы бар тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Эмитенттің заңды тұлғаларының толық атауын, орналасқан жерін, оның жарғылық капиталындағы эмитенттің орналастырылған акцияларының (үлестерінің) проценттік қатынасын, қызмет түрін, аты-жөнін және бірінші басшысының атын көрсете отырып, акциялардың (үлестердің) он және одан да көп процентін иеленген заңды тұлғалар туралы мәліметтері.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 99 қаулысымен.

12. Эмитент қатысатын өндірістік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

13. Эмитенттің басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер.

Осы тармақта заңды тұлғаның толық атауын (жеке тұлғаның аты-жөнін), оның орналасқан жерін (тұрғылықты жерін), қызметінің түрін, бірінші басшысының аты-жөнін, қызметінің түрін көрсете отырып, жасасқан Шарт арқылы немесе өзге жағдаймен эмитент қабылдаған шешімге ықпал ететін не эмитенттің он және одан артық дауыс беруші акцияларымен жанама дауыс беру мүмкіндігі бар барлық тұлғалар немесе тұлғалар тобы туралы мәліметтер көрсетіледі.

14. Эмитенттің аффилиирленген тұлғаларының қатысуымен жасалған мәмілелер.

Осы тармақта эмитентке қатысты аффилиирленген болып табылатын ұйымдардың қатысуымен соңғы жылда эмитент жүргізген барлық мәмілелер туралы ақпарат ашылады.

4. Эмитент қызметінің сипаты

15. Эмитент қызметінің жалпы үрдістері, оның ішінде эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша қысқаша сипаты.

О с ы т а р м а қ т а :

1) эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы қысқаша мәліметтер ;

2) эмитенттің бәсекелестерімен қызметінің салыстырмалы сипаттамасы;

3) саланың болашақтағы дамуына қатысты болжам және эмитенттің осы

саладағы жағдайы көрсетіледі.

16. Эмитенттің қызметіне кейіннен теріс әсер етуі мүмкін, эмитент жасаған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

17. Эмитенттің өз қызметін жүзеге асыру үшін алынған лицензиялар және басқа рұқсаттар туралы мәліметтері.

18. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар:

1) мәміле сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он процентінен асқан жағдайда, облигация шығару туралы шешім қабылдаған күннен бастап алты ай ішінде жасалуы тиіс немесе орындалуы тиіс (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер;

2) болашақ міндеттемелер (эмитенттің негізгі болашақ міндеттемелері және осы міндеттемелер эмитенттің қызметіне теріс әсер етуі мүмкін, оның ішінде осы эмитент, облигациялардың саны, кепілдік беру шарттары, өтеу күні және кепілдік берілген шығарылымның валютасы туралы ақпаратты қоса отырып, өзге эмитенттердің үшінші тұлғалардың кепілдік беруімен қамтамасыз етілген облигациялары бойынша кепілдік беруі туралы).

19. Эмитент инвесторлар үшін маңызды деп есептейтін эмитент қызметі туралы басқа да ақпарат.

5. Қаржылық жай-күй

20. Эмитент капиталы.

Осы тармақта эмитент елінің валютасы көрсетілген валютадағы эмитенттің меншікті және жарғылық капиталының мөлшері көрсетіледі.

21. Осы тармақта эмитенттің өтімділікті, қаржы тәуелсіздігін (тәуелділігін), эмитенттің активтерін, жеке және заемдық қаражатын пайдалану тиімділігін, жеке қаражаттың заем капиталына қатысын сипаттайтын қаржылық коэффициенттердің есебін, сондай-ақ эмитенттің пікірі бойынша эмитент қызметін бағалау кезінде айрықша мәнді болып табылатын басқа да коэффициенттер ұсынылады.

21-1. Әрбір активтің құны және тиісті шарттардың қолданылуы аяқталған күні көрсетілген, эмитенттің міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын, сондай-ақ сенімгерлікпен басқаруға берілген, жалпы активтері көлемінің кем дегенде он пайызын құрайтын эмитенттің активтері туралы мәліметтер.

Ескерту. 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

Басқармасының 2011.02.28 № 17 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Бағалы қағаздар шығарылымдары туралы мәліметтер

22. Облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздар рыногында айналыста болған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарының тіркелген шығарылымдарына қатысты мыналар көрсетіледі:

1) шығарылым облигацияларының жалпы саны және көлемі, сондай-ақ орналастыру кезінде тартылған қаражаттың жалпы көлемі, төленген сыйақы сомасы, рыноктық құн;

1-1) әрбір тіркелген облигациялар шығарылымы бойынша сыйақы төлеу күндері, төлеуге жататын сомалар, өтеу күндері және әрбір шығарылым бойынша өтеуге жататын сомалар;

2) айналыстағы, оның ішінде сатып алынған акциялардың саны, акциялардың рыноктық құны, соңғы екі жылдағы акциялардың барынша жоғары және барынша төмен бағасы;

2-1) бұрын шығарылған бағалы қағаздардың әрбір түрімен олардың ұстаушыларына берілетін құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзғанда іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсетумен;

3) сауда-саттық ұйымдастырушылардың атауын қосқандағы эмитенттің бағалы қағаздармен саудасын жүзеге асыратын негізгі рыноктары.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер

23. Облигациялар туралы мәліметтер:

1) шығарылатын облигациялардың түрі (купондық, дисконттық, қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген) және саны;

2) бір облигацияның номиналдық құны;

3) облигациялардың айналыс мерзімі;

4) облигациялар бойынша мыналар қоса көрсетілген сыйақы: облигациялар бойынша сыйақы ставкасы, оның мөлшерін айқындау тәртібі; сыйақыны, кезеңділікті есептеу басталатын күн, сыйақы төленген күн, төлем валютасын көрсете отырып, оны төлеу тәртібі мен талаптары және валютаны

айырбастау бағамы анықталатын күнді белгілеу тәртібі;
сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі;

5) облигациялар айналысының басталуын анықтау тәртібін, облигациялар айналысы жоспарланатын (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған) нарығын, оларды өтеу, облигацияларды өтеу күнін белгілеу талаптарын көрсете отырып, облигациялардың айналысы және оларды өтеу жөніндегі мәліметтер;

б) эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде көзделген жағдайда).

Эмитенттің мерзімінен бұрын өтеу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары мен мерзімдері көрсетіледі;

7) мыналар қоса көрсетілген облигацияның өз ұстаушысына беретін құқықтары :

эмитенттен шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайызын алу не өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;

эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеуін талап ету құқықтары - осы проспектіде белгіленген, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзған кезде осы құқықты іске асыру талаптары, тәртібі мен мерзімдері;

8) эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдері мен тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзғаны туралы хабардар ету тәртібі;

9) басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар және облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқығы болатын жағдайлар, облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда эмитенттің қандай шаралар қолданатыны, облигациялар немесе негізгі борыш бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері көрсетіледі.

Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себебін, сондай-ақ облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, оның ішінде эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері

бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілікті атқаратын тұлғаларға талап қою тәртібін қамтыған дефолттың басталу фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің, мерзімінің және тәсілінің толық сипаттамасы көрсетіледі. Егер көрсетілген ақпаратты ашуды эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырса, осы тұлғаның толық және қысқартылған атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.04.2014 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

23-1. Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде.

Ескерту. 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

24. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) инвесторлардың облигацияларды төлеу шарты және тәртібі:

облигацияларды төлеу шарты, тәртібі, есеп айырысу тәсілдері көрсетіледі;

2) облигациялар бойынша қамтамасыз ету (банк кепілдігі қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде):

облигацияларды қамтамасыз етуге банк кепілдік берген жағдайда кепілдік берген тұлғаның кепілдік беруімен қамтамасыз етілсе - атауын, орналасқан жерін, байланыс телефондарын, кепілдік беру мерзімін және шарттарын көрсететін деректер (кепілдеме);

облигация ұстаушының өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, аты-жөні, бар болса - бірінші басшысының, атқарушы органы мүшелерінің әкелерінің аттары);

3) облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі:

тіркеушінің атауы, оның орналасқан жері, телефон нөмірлері, жасалған шарттың күні және нөмірі көрсетіледі;

4) облигацияларды орналастыруға қатысатын андеррайтерлер туралы мәліметтер:

облигациялар орналастыруға қатысатын ұйымдардың атауы, орналасқан жері көрсетіледі;

5) төлем агенті туралы мәліметтер:

оның атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, тиісті шарттың нөмірі және күні көрсетіледі.

Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 99 қаулысымен .

25. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану.

Облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдалану мақсаты мен тәртібі, сондай-ақ алынған ақшаны бөлу жоспарына енгізілуі мүмкін өзгерістерді көрсету кезінде басталатын талаптар көрсетіледі.

25-1. Эмитент қабылдайтын және заңмен көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының ш е ш і м і н д е к ө з д е л с е) .

Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі эмитенттің және облигациялар ұстаушылардың әрекет ету тәртібі, оның ішінде облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу бойынша эмитенттің іс-әрекеттері толық жазылады.

Ескерту. 25-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Қосымша ақпарат

26. Облигациялар айналысындағы шектеулер.

Облигациялар айналысындағы кез келген шектеулер, орналастырылатын облигациялардың ықтимал сатып алушыларына қатысты шектеулер, оның ішінде арасында облигацияларды орналастыру жоспарланып отырған тұлғалар тобы к ө р с е т і л е д і .

27. Облигациялар шығарылымына кеткен шығындардың сомасы және осы шығындар қандай тәсілмен төленетіндігі туралы мәліметтер.

Тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) олардың тиістілігін көрсете отырып эмитенттің қаржылық есеп берудің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдарының толық ресми атауы (аты-жөні, бар болса аудитордың ә к е л е р і н і ң а т т а р ы) .

Тиісті алқаларға, қауымдастықтарға, палаталарға олардың тиістілігін көрсете отырып, тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заңды және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілердің толық ресми атауы.

Жоғарыда аталған тұлғалармен шарттың бұзылуы орын алған жағдайда қай тараптың бастама көрсеткенін анықтай отырып, шарттың бұзылу себебі туралы а қ п а р а т т ы б е р у қ а ж е т .

28. Инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен және облигациялар шығарылымның проспектісімен, облигацияларды орналастыру жиынтығы туралы есеппен таныса алатын орындар, сондай-ақ эмитент қызметі ақпаратты

жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы ақпарат.

Облигацияларды шығару проспектісіне бірінші басшы не өзге уәкілетті тұлға бас бухгалтер қол қояды және эмитенттің мөртаңбасымен расталады.

Прспектінің әрбір данасы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды мемлекеттік тіркеуге берудің алдындағы соңғы тоқсандағы аудиторлық және қаржылық есеп беру есептерімен расталған эмитенттің соңғы екі қаржы жылына жасалған жылдық аудиторлық есептермен бірге тігіледі және тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген қағаз пломбамен тігілген және нөмірленген парақтардың санын көрсетіп бекітіледі. Мөрдің таңбасы жартылай қағаз пломбаға, жартылай құжаттың парағына басылуы және бірінші басшысының қолымен куәландырылуы тиіс.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 99 қаулысымен, 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

М е м л е к е т т і к е м е с

облигациялардың шығарылымын
мемлекеттік тіркеу және
облигацияларды орналастыру
және өтеу, облигациялар
шығарылымының күшін жою
қорытындылары туралы есепті
қарау ережесіне 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 99, өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.08.26 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының проспектісі

1. Осы облигациялар шығарылымы [эмитенттің толық атауы] облигациялық бағдарлама проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:
облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні;
шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның
а қ ш а л а й к ө л е м і ;

облигациялар шығарылымының реттік нөмірі;
облигациялардың бұрынғы шығарылымдары туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні, облигациялар саны, номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі және осы облигациялық бағдарлама шегінде әрбір шығарылым бойынша жеке-жеке орналастырылған облигациялардың саны);

бұрын облигациялық бағдарлама аясында шығарылған облигациялардың әрбір түрімен олардың ұстаушыларына берілетін құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенантты) бұзғанда іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар. Ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетіледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Шығарылымның құрылымы:

1) облигациялардың түрі (купондық, дисконттық, қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген);

2) шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі (облигациялар шығарылымының жалпы көлемін номиналдық құны бойынша көрсету керек);

3) бір облигацияның номиналдық құны;

4) облигациялар бойынша мыналар қоса көрсетілген сыйақы: облигациялар бойынша сыйақының ставкасы; сыйақыны есептеу басталатын күн, сыйақы төлеудің кезеңділігі және күні, тәртібі және оны төлеудің шарттары (егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, төлем валютасы және айырбастау бағамы көрсетіледі);

сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі; индекстелген облигациялар шығару кезіндегі есептеу тәртібі.

Егер сыйақының ставкасы белгіленбеген болып табылса, оның мөлшерін белгілеу тәртібі көрсетіледі;

5) мыналар қоса көрсетілген облигациялардың айналысы және өтеу туралы мәліметтер:

облигациялар айналысының басталу күні; облигациялар айналысы жоспарланатын (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған) нарығын;

облигациялардың айналыс мерзімі және оларды өтеу шарттары;

облигацияларды өтеу күні;

облигациялар өтелетін орын (орындар);

облигацияларды өтеу тәсілі;

б) облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған кезде):

қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда:

кепіл пәні, оның құны және кепіл пәнін өндіріп алу тәртібі;

облигацияларды қамтамасыз ету жөніндегі шарттың талаптары көрсетіледі;

егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе - атауын, орналасқан жерін, байланыс телефондарын, кепілдік мерзімі мен шарттарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері көрсетіледі;

7) облигацияларды ұстаушының өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызмет көрсетуі жөніндегі шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі);

8) тіркеуші туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті көрсету шартының жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі);

9) облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдардың атауы, орналасқан жерлері, тиісті шарттардың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі);

10) төлем агенті туралы мәліметтер (оның атауы, орналасқан жері, тиісті шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі);

11) мыналар көрсетілген облигациямен оның ұстаушысына берілетін құқықтар :

эмитенттен шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламасын алу, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайызын алу құқығын не өзге де мүліктік құқықтарды алу құқықтары;

эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеуін талап ету құқықтары – осы проспектіде белгіленген, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде осы құқықты іске асыру талаптары, тәртібі және мерзімдері көрсетіледі;

11-1) басталуы бойынша эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар көрсетіледі.

Облигациялар бойынша дефолт жағдайында эмитенттің қандай шаралар қолданатыны, облигациялар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигациялар ұстаушылардың құқығын қорғау рәсімі, оның ішінде міндеттемелердің қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары көрсетіледі.

Эмитент облигациялар ұстаушыларға мәлімет үшін орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себебін, сондай-ақ

облигациялар ұстаушылардың өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, оның ішінде эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайдағы эмитенттің міндеттемелері бойынша бірлескен немесе қосымша жауапкершілікті көтеретін тұлғаларға талап қою тәртібін қамтыған дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің, мерзімінің және тәсілдерінің толық сипаттамасы көрсетіледі. Көрсетілген ақпаратты ашу эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырған жағдайда осы тұлғаның толық және қысқартылған атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі;

12) эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімнен бұрын өтеу құқығы (осы құқығы эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде көзделген жағдайда).

эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары және мерзімдері көрсетіледі;

12-1) эмитенттің облигациялар ұстаушыларды ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдерін және тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген шектеулер (ковенант) туралы хабардар ету тәртібі;

13) облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:

облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдалану мақсаты мен тәртібі, сондай-ақ алынған ақшаны бөлу жоспарына енгізілуі мүмкін өзгерістерді көрсету кезінде басталатын талаптар көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30 N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 2009.04.29 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.06.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); 18.04.2014 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3-1. Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3-2. Эмитент қабылдайтын және заңмен көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының шешімінде

к ө з д е л с е) .

Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі эмитенттің және облигациялар ұстаушылардың әрекет ету тәртібі, оның ішінде облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу бойынша эмитенттің іс-әрекеттері толық жазылады.

Ескерту. 3-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Опциондар туралы мәліметтер:

егер опциондар облигацияны ұстаушыға эмитенттің облигацияларын сатып алуға мүмкіндік берсе, осы тармақшада опционды жасау шарттары көрсетіледі.

5. Айырбасталымды облигациялар:

айырбасталымды облигациялар шығарылған және орналастырылған жағдайда облигация айырбасталатын акциялардың түрі, санаты, саны және орналастыру бағасы, акциялар бойынша құқықтар, сондай-ақ осындай айырбасталымның тәртібі мен шарттары көрсетіледі.

6. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі:

облигациялар ұйымдастырылмаған нарықта орналастырылған жағдайда облигацияларды орналастырудың басталу және аяқталу күні (бар болған кезде) көрсетіледі;

2) акцияларға айырбасталған облигациялар жазылу арқылы орналастырылған жағдайда айырбастау шарттары көрсетіледі;

3) облигацияларға төлем жасаудың талаптары мен тәртібі:

облигацияларға төлем жасаудың талаптары, тәртібі, есеп айырысу тәсілдері, оның ішінде құрылымды қайта қарау жоспарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, көрсетіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымының проспектісіне бірінші басшысының, бас бухгалтері не олардың орнын ауыстыратын тұлғалардың қолы қойылады және эмитент мөрінің таңбасымен куәландырылады, тігіледі және тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Мөрдің таңбасы жартылай қағаз пломбасына, жартылай құжаттың парағына түсіп бірінші басшының немесе оның орнын ауыстыратын тұлғаның қолымен расталуы тиіс.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін

қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011.02.28 № 17 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Мемлекеттік емес Облигациялардың
шығарылымын мемлекеттік тіркеу және
облигацияларды орналастыру және
өтеу, облигациялар шығарылымының
күшін жою қорытындылары туралы
есепті қарау ережесіне

3-1-қосымша

Нысан

Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

Ескерту. 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 99; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

Алматы қаласы 20 __ жылғы «__» ____ № ____

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

_____ тіркеген
_____ (эмитенттің атауы және мекенжайы)
облигациялар шығарылымын _____

_____ (шығарылымның реттік нөмірі)
_____ мемлекеттік тіркеуге алды.

Шығарылым _____

— — — — —
_____ (облигациялар саны цифрмен және жазбаша)
бөлінді, оларға ұлттық сәйкестендіру нөмірі _____
_____ берілді.

Бір облигацияның номиналдық құны _____
_____ теңге.

(цифрмен және жазбаша)

Облигациялар шығарылымының көлемі _____
_____ теңгені _____ құрайды.

(шығарылатын облигациялардың жиынтық номиналдық

кұны цифрмен және жазбаша)
Шығарылым _____ нөмірімен
Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді.
Шығарылым туралы қосымша ақпарат: _____

Куәлікке қол қойған адамның тегі, аты, бар болса - әкесінің аты және атқарып отырған қызметі, қолы, мөрі

Мемлекеттік емес Облигациялардың
шығарылымын мемлекеттік тіркеу және
облигацияларды орналастыру және
өтеу, облигациялар шығарылымының
күшін жою қорытындылары туралы
есепті қарау ережесіне

3-2-қосымша

Нысан

Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

Ескерту. 3-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 99; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

Алматы қаласы 20 __ жылғы «__» _____ № _____

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

_____ тіркеген
(эмитенттің атауы және мекенжайы, тіркеуші органның атауы,
тіркеу нөмірі мен күні)
облигациялық бағдарламаның _____

(реттік нөмірі)
_____ мемлекеттік тіркеуге алды.
Облигациялық бағдарламаның көлемі _____

_____ теңгені құрайды.
(облигациялық бағдарламаның шығарылым көлемі цифрмен және жазбаша)

Шығарылым _____ нөмірімен Эмиссиялық
бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді.

Шығарылым туралы қосымша ақпарат _____

Куәлікке қол қойған адамның тегі, аты, бар болса - әкесінің аты және атқарып отырған қызметі, қолы, мөрі

Мемлекеттік емес Облигациялардың
шығарылымын мемлекеттік тіркеу және
облигацияларды орналастыру және
өтеу, облигациялар шығарылымының
күшін жою қорытындылары туралы
есепті қарау ережесіне

3-3-қосымша

Нысан

Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

Ескерту: 3-3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 99; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

Алматы қаласы 20 __ жылғы «__» ____ № ____

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

_____тіркеген

(тіркеуші органның атауы, тіркеу нөмірі мен күні)

_____ (эмитенттің атауы мен мекенжайы)

облигациялық бағдарламаның _____

_____ (реттік нөмірі)
_____ шегінде

_____ (реттік нөмірі)
_____ мемлекеттік тіркеуге алды.

Шығарылым _____

— (облигациялар саны цифрмен және жазбаша) бөлінді, оларға ұлттық сәйкестендіру нөмірі _____

_____ берілді.

Бір облигацияның номиналдық құны _____

_____ теңге.

(цифрмен және жазбаша)

Облигациялар шығарылымының көлемі _____

_____ теңгені құрайды.

(шығарылатын облигациялардың жиынтық номиналдық құны цифрмен және жазбаша)

Шығарылым _____ нөмірімен

Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді.

Шығарылым туралы қосымша ақпарат: _____

Куәлікке қол қойған адамның тегі, аты, бар болса - әкесінің аты және атқарып отырған қызметі, қолы, мөрі

Мемлекеттік емес

облигациялардың _____ шығарылымын

мемлекеттік тіркеу және

облигацияларды орналастыру

және өтеу, облигациялар

шығарылымының күшін жою

қорытындылары туралы есепті

қарау ережесіне 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.08.22. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.11.28 N 181, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.08.26 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және ұлттық бірегейлендіру нөмірін беру үшін

СҰРАТУ

Эмитенттің атауы	
Орналасқан жері	
Меншікті капиталдың мөлшері	
Төленген жарғылық капиталдың мөлшері	
Ұлттық бірегейлендіру және енгізу күнін нөмірін көрсете	

отырып, кор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына енгізілген эмитенттің акциялары туралы мәліметтер		
Бір облигацияның номиналдық құны		
Шығарылымның құны		
Айналыстың басталу күні		
Облигациялардың қамтамасыз етілуі		
Облигациялардың түрі	Облигациялардың саны	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшері, төлеу мерзімдері
Купондық		
Дисконттық		
Индекстелген		

Сұратуға эмитенттің бірінші басшысы, бас бухгалтері қол қояды және мөрінің таңбасымен куәландырылады.

Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары туралы есепті қарау ережесіне
5-қосымша

**_____ бастап _____ дейінгі кезеңде облигацияларды
орналастыру қорытындылары туралы
ЕСЕП**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Э м и т е н т т і ң а т а у ы .
2. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер. Осы тармақта эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі қажет.
3. Э м и т е н т т і ң о р н а л а с қ а н ж е р і .
4. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі.

5. Облигациялар туралы мәліметтер:

шығаруға жарияланған облигациялардың жалпы саны және түрі, номиналдық құны, купонның және (немесе) дисконттың мөлшері, облигацияларды орналастырудың есепті кезеңі аяқталған күнге орналастырылған, сатып алынған және орналастырылмаған облигациялардың саны.

6. Меншік иелерінің санаттары бойынша облигацияларды иеленушілердің саны туралы мәліметтер:

резиденттер және резидент еместер; жеке және заңды тұлғалар; жоғарыда көрсетілген әр санаттағы тұлғалардың иеленушілеріне жататын облигациялар санын көрсете отырып зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары, екінші деңгейдегі банктер, банктік емес ұйымдар, брокер-дилерлер және басқалар.

7. Облигацияларды орналастыру туралы мәліметтер:

1) орналастыру кезеңінің басталу күнін және аяқталу күнін, орналастырылған облигациялар санын және әрбір алдыңғы есепті облигацияларды орналастыру кезеңіне жеке тартылған ақша сомасын, сондай-ақ облигацияларды орналастырмау туралы ақпаратты мәлімет үшін қабылдаған күнін көрсете отырып, алдыңғы есепті (есептерді) бекіту күні;

2) есепті кезеңде ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығындағы жазу және аукциондық жолмен орналастырылған облигациялар саны және тартылған ақша сомасы, оның ішінде облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркелу күнін және нөмірін, осы облигациялар түрін, санын көрсете отырып, төленуі осы эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен жасалатын есепті кезеңде орналастырылған облигациялар туралы ақпарат. Облигацияларды аукцион өткізу жолымен орналастырған жағдайда оларды жүргізген күні және аукциондағы ең жоғарғы сату бағасы көрсетіледі;

3) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында облигацияларды орналастыру туралы ақпарат (сауда-саттықты ұйымдастырушылар тізімінің санаты, облигацияларды орналастыру аяқталған күнге облигациялардың нарықтық құны, сауда-саттықтағы ең жоғарғы баға және бірінші және соңғы сауда-саттықтағы күні, орналастырылған акциялардың саны және тартылған ақшаның сомасы) оның ішінде шет мемлекеттің аумағында облигацияларды орналастыруға уәкілетті органнан рұқсат алу күнін көрсете отырып шет мемлекеттің аумағында есепті кезеңде орналастырылған облигациялардың саны;

4) есепті кезеңде орналастырылған облигациялардың жалпы саны;

5) есепті кезең аяқталған күнге сатып алынған облигациялардың саны, сатып алу туралы шешім қабылданған күн, сондай-ақ проспектіде және (немесе) Заңмен көзделген ковенантты бұзған кезде сатып алған себебін көрсете отырып, эмитент

оларды сатып алған кезде шеккен шығындар сомасы;

б) эмитент бұрын сатып алған және есепті кезеңде қайта сатылған облигациялардың саны;

7) осы үлестес тұлғалардың деректерін көрсете отырып, үлестес тұлғаларға орналастырылған облигациялар саны.

8. Облигацияларды шығару андеррайтерлері (эмиссиялық консорциумдар) туралы ақпарат. Осы тармақта мынадай ақпарат көрсетіледі:

бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының атауы, эмитентпен жасалған андеррайтер қызметін көрсетуге шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ эмиссиялық консорциумның қатысушылары туралы;

андеррайтерлерге немесе орналастырудың басқа қатысушыларына, орналастырудың жалпы көлемінің пайыздық көрсетілімде, әрбір орналастырылған облигациялардың дисконты және комиссиясы көлемінде өкілдерге төленген (төленуі тиіс) дисконт және комиссия және шығыстар туралы басқа да мәліметтер;

андеррайтерлерді тартпастан орналастырылған облигациялардың саны және орналастырудың болашақ жоспарлары туралы көрсетіледі.

9. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде қосымша мынадай ақпарат ұсынылады:

1) оригинатордың, кастодиан-банктің, басқарушы агенттің және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;

2) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің шарттары, тәртібі мен мерзімі және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;

3) арнайы қаржы компаниясы облигацияларының шығарылым проспектісіне сәйкес арнайы қаржы компаниясы облигацияларының қамтамасыз етуі болып табылатын бөлінген активтердің сомасы;

4) есепті кезеңнің аяқталу күніне арнайы қаржы компаниясы облигацияларының қамтамасыз етуі болып табылатын бөлінген активтердің сомасы;

5) есепті кезеңнің аяқталу күніне арнайы қаржы компаниясы бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша алған ақша сомасы;

б) есепті кезеңде секьюритизлендіру мәмілесі бойынша қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар сомасы;

7) бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамау немесе орындамау фактілерінің болуы туралы мәліметтер.

10. Тіркеуші туралы мәліметтер.

Тіркеушінің атауы және орналасқан жері, шарттың күні және нөмірі.

11. Бұқаралық ақпарат құралдарының атауы және облигациялар шығарылымы туралы ақпараттық хабар жарияланған күн.

12. Шығарылым проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенантты) бұзу жағдайлары туралы ақпарат.

13. Облигациялардың орналастыруы (қаржы ұйымдары левередж мөлшерін көрсетпейді) аяқталған күніне левередж мөлшері, бұрын шығарылған облигациялар бойынша дефолт жағдайларының болуы, облигацияларды әрі қарай орналастыруға байланысты бар проблемалар.

14. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу туралы мәліметтер:

1) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және мерзімдері;

2) облигациялар бойынша сыйақының мөлшері және мөлшерін белгілеу тәртібі. Есепті кезең ішінде осы шығарылымның облигациялар бойынша төленген жалпы сыйақы сомасы;

3) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезіндегі есеп айырысу тәртібі (есеп айырысу нысаны: қолма-қол, қолма-қол емес);

4) кезекті сыйақы төлеуге байланысты және (немесе) осы шығарылымның облигацияларын өтеуге байланысты ықтимал проблемалардың және осы жағдайдан шығу үшін эмитент қолданатын іс-шаралардың сипаттамасы. Облигациялар бойынша сыйақының уақтылы төленбеу жағдайлары болса, себептерін және эмитенттің қандай шаралар қабылдағанын көрсету керек.

Есепке эмитенттің бірінші басшысы, бас бухгалтері немесе олардың орнындағы адамдар қол қояды және эмитенттің мөрінің таңбасымен куәландырылады. Есептің әрбір данасы есепті айдың соңындағы жағдай бойынша немесе облигацияларды орналастыру аяқталған күнгі қаржылық есептілігімен және облигацияларды орналастыру кезеңінің аяқталу күнінен кейінгі күнге тіркеуші берген облигациялар ұстаушылар тізілімінің көшірмесімен бірге тігіледі, тігістің түйініне және жартылай паракқа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Мөрдің таңбасы ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылады және бірінші басшысының немесе оның орнындағы адамның қолымен куәландырылады.

Осы қосымшаның 7-тармағының 2), 3), 4) тармақшалары есепті кезеңде облигациялар орналастырылмаған жағдайда толтырылмайды.

Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының

күшін жою қорытындылары туралы
есепті қарау ережесінің
5-1-қосымшасы
Нысан

облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы ЕСЕП

Ескерту. Ереже 5-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.04.2014 № 52 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Эмитенттің атауы.
2. Эмитенттің орналасқан жері.
3. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі.
4. Облигациялар туралы мәліметтер:
шығаруға жарияланған облигациялардың жалпы саны және түрі, номиналдық құны, купонның және (немесе) дисконттың мөлшері.
5. Облигацияларды орналастыру туралы мәліметтер:
 - 1) есеп ұсынылатын орналастыру кезеңі басталған күні және аяқталған күні;
 - 2) есепті кезеңге орналастырылған облигациялардың саны және оларды айналысқа жіберген күннен бастап бұрын орналастырылған облигацияларды ескере отырып;

Есепке эмитенттің уәкілетті тұлғасы қол қояды. Есептің әрбір данасы облигацияларды орналастыру кезеңінің аяқталған күні тіркеуші берген облигацияларды ұстаушылар тізілімінің көшірмесімен тігіледі.

Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары туралы есепті қарау ережесіне 6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.08.26 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Облигацияларды өтеу қорытындылары туралы ЕСЕП

1. Эмитенттің атауы.

1-1. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі қажет.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30 N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Эмитенттің орналасқан жері.

3. Облигациялар шығарылымы мемлекеттік тіркелген күн.

4. Орналастыру қорытындылары туралы есеп (есептер) бекітілген күн.

5. Облигацияларды өтеу туралы мәліметтер:

1) облигациялар өтелген күн;

1-1) эмитенттің сатып алған облигациялардың саны туралы облигацияларды өтеу күнгі жағдай бойынша мәліметтер;

2) мерзімінен бұрын өтелген облигациялар туралы мәліметтер.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Облигациялар бойынша төленген сыйақының жиынтық мөлшері және өтеу сомасы. Осы тармақта есеп толығымен келтіріледі.

Облигацияларды өтеу қорытындысы туралы есеп есепті айдың соңындағы жағдай бойынша немесе облигацияларды орналастыру аяқталған күнгі қаржылық есеп берумен қоса тігіледі, оған бірінші басшы, бас бухгалтер, не олардың орындарындағы тұлғалар қол қояды және эмитенттің мөрінің бедерімен расталады. Қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепке облигацияларды ұстаушы өкілі атынан уәкілетті тұлға қол қояды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.11.28 N 181 Қаулыларымен.

«Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру

және өтеу, облигациялар шығарылымының
күшін жою қорытындылары туралы
есепті қарау ережесінің
6-1-қосымшасы
Нысан

Облигацияларды өтеу қорытындылары туралы ЕСЕП

Ескерту. Ереже 6-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.04.2014 № 52 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Эмитенттің атауы.
2. Эмитенттің орналасқан жері.
3. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және шығарылым нөмірі.
4. Облигацияларды өтеу туралы мәліметтер:
 - 1) облигацияларды өтеу күні;
 - 2) облигацияларды өтеу күніндегі жағдай бойынша эмитент сатып алған облигациялар саны туралы мәліметтер;
 - 3) мерзімінен бұрын өтелген облигациялар саны туралы мәліметтер.Облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепке эмитенттің уәкілетті тұлғасы қол қояды.

Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары туралы есепті қарау ережесіне 7-қосымша

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2011.12.26 N 220 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесі:

- 1) Халықаралық қайта құру және даму банкі;
- 2) Халықаралық қаржы корпорациясы;
- 3) Азия даму банкі;
- 4) Африка даму банкі;

- 5) Еуропа қайта құру және даму банкі;
- 6) Америкааралық даму банкі;
- 7) Еуропа инвестициялық банкі;
- 8) Ислам даму банкі;
- 9) Скандинавия инвестициялық банкі;
- 10) Еуропалық Кеңестің даму банкі;
- 11) Халықаралық есеп айырысу банкі;

12) Еуразиялық даму банкі.

М е м л е к е т т і к е м е с

облигациялардың шығарылымын

мемлекеттік тіркеу және облигацияларды

орналастыру және өтеу, облигациялар

шығарылымының күшін жою қорытындылары

туралы есепті қарау ережесінің

8-қосымшасы

Нысан

Облигацияларды орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы есепті бекіту жөніндегі хабарлама

Ескерту. 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 99; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.04.2014 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Алматы қаласы «__» _____

№ _____

20__ жыл

Қазақстан

Республикасы

Ұлттық

Банкі

_____ тіркеген (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы немесе куәлікті берген органның атауы, куәліктің берілген күні және нөмірі)

_____ (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес эмитенттің атауы және мекен-жайы)

_____ облигацияларды орналастыру
(шығарылымның реттік нөмірі)
(өтеу) қорытындылары туралы есепті бекітті.
Шығарылым номиналдық құны

_____ (номиналдық құнының мөлшері цифрмен және жазбаша)
теңге болатын

_____ облигацияға бөлінді.
(облигациялар саны цифрмен және жазбаша, облигациялар түрі)

_____ жағдай бойынша
(облигацияларды орналастырудың (өтеудің) аяқталған күні, айы, жылы)
орналастырылған (өтелген) облигациялар

_____ орналастырылмаған облигациялар

Шығарылым _____ нөмірімен Эмиссиялық бағалы қағаздар
мемлекеттік тізіліміне енгізілген

Шығарылым туралы қосымша ақпарат: _____.

Хабарламаға қол қойған адамның
тегі, аты, бар болса әкесінің аты
және лауазымы, қолы, мөрі.

Мемлекеттік емес Облигациялардың
шығарылымын мемлекеттік тіркеу және
облигацияларды орналастыру және
өтеу, облигациялар шығарылымының
күшін жою қорытындылары туралы
есепті қарау ережесіне
9-қосымша

Облигациялар шығарылымының күшін жою туралы куәлік

Ескерту. 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30 N 110 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Алматы қаласы 20 __ жылғы «__» _____ № _____

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі _____

(занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы немесе куәлікті берген органның атауы, берілген күні, айы, жылы және н ө м і р і)

_____ тіркелген (қайта тіркелген)

(занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес эмитенттің атауы мен мекенжайы) облигациялар шығарылымын жойды.

Шығарылым _____ нөмірмен _____

(Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған

органның атауы, күні, айы, жылы) тіркелді және Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне е н г і з і л д і .

Шығарылым _____ облигацияларға бөлінген.

(саны цифрмен және жазбаша, түрі)

Облигациялар шығарылымы _____

_____ байланысты бастап жойылды.

_____ күні (күні / айы / жылы)

Куәлікке қол қойған адамның аты-жөні, әкесінің аты (бар болса) - және қызметі, қолы, мөрі

Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті қарау ережесінің 10-қосымшасы

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Нысан

**_____ жағдай бойынша (эмитенттің атауы) облигациялары
бойынша міндеттемелерді орындамау не тиісінше орындамау
фактілері туралы ақпарат**

Облигациялардың ҰСН	Облигациялардың коды	Облигациялардың түрі	Өтелетін күні	Шығарылым көлемі, тг	Облигацияның саны		Куп мөлш мөлш
					Орналас- тырылған облигациялар саны	Орналас- тырылмаған облигациялар саны	
1	2	3	4	5	6	7	8

Кестенің жалғасы

Купонды мөлшер- лемелердің түрі, Купон төлемдерінің мерзімділігі	Дефолт күні	Төленген купонды сыйақы сомасы	купонды сыйақы бойынша берешек сомасы	Негізгі борыш бойынша берешек сомасы	Реттелмеген борыштың қалдығы, мың. тг. (реттелмеген борыш деп мерзімінен кешіктіру үшін өсімпұл және айыппұлды ескере отырып, ол бойынша дефолт орын алған берешек сомасын есептейді)
9	10	11	12	13	14
	Күні, айы, жылы				

Кестенің жалғасы

Облигация ұстаушылардың арасында Қазақстан Республикасының резиденті еместердің үлесі	Облигация ұстаушылардың арасында қаржы ұйымдарының үлесі (пайызбен)
15	16

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі

Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2005 жылғы 30 шілдедегі
N 269 қаулысының
2-қосымшасы

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті қарау ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 385 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркелу тізілімінде N 2591 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымында 2003 жылы жарияланған, N 25);

2) "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2591 тіркелген "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті қарау ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 385 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 193 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркелу тізілімінде N 2996 тіркелген, 2004 жылы "Финансовый вестник" журналында жарияланған, N 9(9));

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркелу тізілімінде N 3635 тіркелген, "Финансовый вестник" журналында N 6(18) жарияланған "Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті қарау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 385 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 131 қаулысы .